

БІЗДІҢ ҚОЛДАУЫМЫЗ – СІЗДІҢ ДАМУЫҢЫЗ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП • 2018

МАЗМҰНЫ

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі.....	2
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрайымының үндеуі.....	4
2018 жылдың негізгі корпоративтік оқиғалары.....	6
1. Қор туралы ақпарат.....	8
2. Қазақстандағы ШОК талдауы. Даму келешегі.....	14
3. Қызметтің негізгі бағыттары. Алдағы кезеңдерге қойылған мақсаттар.....	20
4. Қызмет нәтижелері. Қаржылық нәтижелер.....	34
5. Қордың ақпараттық саясаты.....	38
6. Тәуекелдерді басқару.....	40
7. Корпоративтік басқару.....	46
8. Қордың тұрақты дамуы.....	58
• Корпоративті әлеуметтік жауапкершілік.....	61
• Қоршаған ортаны қорғау.....	63
• Мейірімділік.....	63
9. Жылдық қаржы есебі.....	64
1 қосымша.....	70
Мекенжайлары мен байланыстары.....	72

«ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ҚОРЫ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



**2018 ЖЫЛДЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫСЫ
БОЙЫНША АЛДЫН
АЛА ДЕРЕКТЕРГЕ
СӘЙКЕС ШАҒЫН ЖӘНЕ
ОРТА БИЗНЕСТІҢ
ЕЛДІҢ ІЖӨ-ДЕГІ ҮЛЕСІ
28%-ДАН АСТЫ**

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – Қор) 2018 жылы кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасын жүзеге асыру барысын сәтті жалғастырды және бизнес-процестерді басқарудың жоғарғы деңгейін көрсетті.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2050 жылға қарай ІЖӨ-дегі шағын және орта бизнестің экономикалық үлесін 50% дейін жеткізу стратегиялық міндетін қойды. Өз кезегінде, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев 2025 жылға қарай 35-40% болатын орта мерзімді перспективаны анықтады.

Біз қолда бар әлеуеттің осы міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретініне сенімдіміз. 2018 жылдың қорытындысы бойынша алдын ала деректерге сәйкес шағын және орта бизнестің елдің ІЖӨ-дегі үлесінің 28%-дан асқанын және жалпы құны 26,5 трлн теңгенің өнімі шығарылғанын айтсақ та жеткілікті.

Оған қоса, шағын және орта кәсіпкерліктің (1,2 млн) жұмыс істейтін субъектілері 3,2 млн адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отыр, ол елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың 37%-ын құрайды.

Қазақстандағы кәсіпкерлікті кешенді қолдаудың тиімді құралдарының бірі – бизнесті қолдау мен дамытудың «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы. Осы бағдарлама аясында кәсіпкерлер несиелер/лизинг мәмілелері, несиелерді бөлшектеп кепілдендіру, бизнес жүргізуге сервистік қолдау көрсету бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау түрінде қолдау ала алады.

Еңбек ресурстарының біліктілігін арттыру, бұқаралық кәсіпкерлікті дамыту және жұмысы бар және жұмыссыз тұрғындарды еңбекке тарту аясында «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы сәтті жүзеге асырылуда, соның арқасында кәсіпкерлер жеңілдетілген жағдайда қаржы ала алады.

Тұрғындардың тұрғын үйге қолжетімділігін арттыру және ағымдағы бағдарламаларға сәйкес тұрғын үй мәселелерін интеграциялау үшін тұрғын үй құрылысын ынталандырудың жаңа тәсілдерін енгізуді қарастыратын «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасын жүзеге асыру жұмыстары жалғасып жатыр.

БҰҰ Даму бағдарламасы, Жаһандық Экологиялық Қор мен Қазақстан Республикасы

БҮГІНГІ КҮНІ БҮКІЛӘЛЕМДІК «DOING BUSINESS» БАНКТИҢ РЕЙТИНГІСІНДЕ ҚАЗАҚСТАН БИЗНЕС ЖҮРГІЗУДІҢ ЖЕҢІЛДІК ДЕҢГЕЙІ БОЙЫНША 190 МЕМЛЕКЕТТИҢ ІШІНДЕ 28 ОРЫНҒА ШЫҚТЫ

Үкіметінің бірлескен «Төмен көміртекті дамуға арналған орнықты қалалар» жобасын жүзеге асыру аясында қуатты үнемдеу саласының инвестициялық жобаларын қаржыландыруды қарастыратын механизм әзірленген.

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасына сәйкес жүйе құраушы кәсіпорындарды цифрландыру, Қордың бизнес-процестерін автоматтандыру және шағын және орта бизнестің мемлекеттік қолдау шараларын цифрландыру бойынша белгілі жұмыстар жүргізілді.

Елде жүргізілген бизнес-ахуалды жақсарту жөніндегі шараларға халықаралық сарапшылар оңтайлы баға беруде. Бүгінгі күні Бүкіләлемдік «Doing Business» банктің рейтингінде Қазақстан бизнес жүргізудің жеңілдік деңгейі бойынша 190 мемлекеттің ішінде 28-орынға шықты. 2017 жылмен салыстырғанда Қазақстан 8 позицияға көтеріліп (36-орыннан), Швейцария, Ресей Федерациясы, Франция, Қытай, Жапония және басқа да мемлекеттерді басып озды.

Қор халықаралық тәжірибелерді ойдағыдай қолдану мақсатымен шағын және орта бизнесті қолдау мен дамытудың халықаралық тәжірибелерін зерттеуге ерекше көңіл бөледі. Қор қызметкерлерінің өкілеттілігін

жетілдіру жөніндегі механизмдердің бірі – қызметкерлерді шетелге тәжірибе алмасуға жіберу. Осы мақсатта Қор корейлік KOSME, поляктың PARP, түріктің KOSGEB және бизнеске қолдау көрсететін басқа да жетекші шетелдік ұйымдармен келісімге қол жеткізді.

Қордың алдына қойылған шағын және орта бизнеске қаржылық және ақпараттық қолдау көрсетуді кеңейту бойынша маңызды

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН СУБЪЕКТИЛЕРІ

3,2

МЛН АДАМДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІП ОТЫР

міндеттер Қазақстандағы мықты кәсіпкерлік сектордың одан әрі тұрақтануына ықпал ететініне сенімдімін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің Бірінші орынбасары,
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі,
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы
А.А. Смаилов

«ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ҚОРЫ» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫНЫҢ ҮНДЕУІ



**2018 ЖЫЛЫ
22 МЫҢНАН АСТАМ
КӘСІПКЕР ҚОР
БАҒДАРЛАМАЛАРЫ
БОЙЫНША**

**536,8
МЛРД ТЕҢГЕНІҢ**

**ҚАРЖЫЛАЙ
ҚОЛДАУЫН
АЛДЫ**

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Өткен 2018 жыл отандық кәсіпкерлікті кешенді қолдауға, бизнес жүргізу мен инвестициялауға қолайлы ахуал қалыптастыруға бағытталған маңызды оқиғаларға толы болды.

Екінші деңгейлі банктер мен қаржы ұйымдары арқылы мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қолжетімдікті қамтамасыз ететін, микро және шағын кәсіпкерлікті дамытуға несиелену барысын жеделдетуге сеп болатын құралдарды жетілдіру-Қордың стратегиялық міндеттерінің бірі.

Осы мақсатта біз несиелену бойынша еркін мөлшерлеме енгізуге, жобаларды қарастыру мерзімін қысқартуға және өңірлік үйлестіру кеңестерінің қатысуынсыз шағын жобаларды қарастыру құқығын беруге көмектесетін қолдау бағдарламасының шарттарын жақсарттық.

Оған қоса, несиелену өтінімдерін қарастырудың бірыңғай стандарттары енгізіліп, несиелену процестерін ұйымдастыру және қажетті құжаттар топтамасын жинау үрдістері оңтайландырылды. Шағын және орта бизнесті қолдаудың шет елдерде сәтті жүзеге асырылған жаңа тәсілдерін енгізу бойынша жұмыстар атқарылды. Олар қа-

зақстандық бизнес үшін сыртқы нарықта қосымша мүмкіндік ашады.

Қор көрсететін мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру және оңтайландыру кәсіпкерлер үшін өтінімдері бойынша шешімдер қабылдау процесінің ашық болуына мүмкіндік беріп, қызметтің қолжетімдігін арттырды, қызмет көрсету мен құжат жинау мерзімін қысқартты. 2018 жылы 22 мыңнан астам кәсіпкер Қор бағдарламалары бойынша 536,8 млрд теңгенің қаржылай қолдауын алды. Жалпы мөлшері 65 млрд теңге болатын несиелену екі мыңдай кепілдік берді: Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда екі есе көп.

2018 жылы Қор Үкіметтің электронды порталындағы басқа да қызметтерді кейін орналастыру мүмкіндігімен автоматтандыру жұмыстарын жүргізді. Оның арқасында, «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында кепілдік алуға өтінім беруге мүмкіндік туды. 2018 жылдың қорытындысы бойынша, бағдарлама жүзеге асырыла бастағалы бері 1 764 борышкерге 19,3 млрд теңге қаржы берілген.

«Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдар-

ламасы аясында несие құны 198,4 млрд теңге болатын 1470 жобаның сыйақы мөлшерлемесі субсидияланды.

«Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасын жүзеге асыру бойынша, Қор тұрғын үй құрылысымен айналысатын кәсіпкерлердің несиесін субсидиялау арқылы жеке үй салушыларды ынталандыру бағытында жұмыстар жүргізуде. Ол бойынша үй алатын тұтынушы үшін әр шаршы метр құнын төмендетуге мүмкіндік береді. 2018 жылы Өңірлік үйлестіру кеңестері жалпы құны 28,4 млрд теңге болатын 41 жобаны несиелеуге шешім шығарды.

Маңғыстау өңірінің кәсіпкерлері өз жобаларын жүзеге асыру үшін Маңғыстау облысы әкімшілігі, Даму қоры және корпоративті бизнестің әріптестігі есебінен несие алып, субсидияның арқасында несиенің жылдық мөлшерлемесін 1% жеңілдікпен алды. Аталған жоба теңдессіз болып саналады және шағын және орта бизнес үшін барынша тиімді жағдай жасап берді. Жалпы құны 818,87 млн теңге болатын 42 жоба мақұлданды. Мақұлданған жобалар бойынша жаңа 410 жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

2018 жылы Қор халықаралық қаржы ұйымдарынан жеңілдікті қаржы тартуды жалғастырды. 2018 жылы 67,1 млрд теңге тартылды. Біздің біраз жылғы әріптестеріміз – Азия даму банкі мен Еуропа қайта құру және даму банкі 2018 жылы Қазақстандағы әйелдер бизнесін, микро, шағын және орта кәсіпкерлікті қаржыландыру үшін 34,1 млрд теңге бөлді.

Оған қоса, Үкіметтің, БҰҰДБ және ЖЭҚ-тың «Төмен көміртекті дамуға арналған орнықты қалалар» бірлескен жобасын жүзеге асыру аясында ЖЭҚ-тың 3,0 млн АҚШ доллары мөлшеріндегі грантын тарту арқылы қала инфрақұрылымдарының энерго-тиімділігіне инвестиция салу ынталандыру

механизмі жүзеге асырылуда. Қор оның аясында жобаларды субсидия беру мен кепілдендіру бойынша грант операторы қызметін атқарады. 2018 жылы жалпы құны 4,8 млрд теңге болатын 68 жобаны субсидиялауға шешім шықты.

Қор исламдық қаржыландыру механизмдерін енгізу жөніндегі жаңа бағытты қолға алды. Өткен жылы Жеке секторды дамыту жөніндегі Ислам Корпорациясымен (ICD) бірге құны 40 млн АҚШ долларына дейінгі қаржы тарту талаптарының алғышарттары жасалынды. Бұл қаржыны ислам қаржы құралдары арқылы шағын және орта бизнесті дамытуға бағыттау жоспарланған.

2019 жылы Қор дамудың мынадай бірнеше стратегиялық бағыттарын белгіледі: шағын және орта бизнестің белсенді жұмыс істеп тұрған субъектілерінің санын арттыруға ықпал ету, несие технологияларын кезеңмен енгізу, оларды цифрландыруды қоса отырып, микрокәсіпорындар үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында бағдарламалар талаптарын оңтайландыру. Осылайша микрокәсіпорындарға микроқаржы ұйымдарының тікелей қаржыландыруына қолдау көрсету үшін Қордың ұйымдық құрылымы қайта қаралып, Апекс департаменті құрылды. Апекс департаментінің негізгі міндеттері – микроқаржы ұйымдары арқылы микро және шағын бизнеске қаржыны тиімді жолмен жеткізу және микроқаржы ұйымдарын қорландыру құралдарын ұлғайту.

Сондай-ақ Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен теңгенің ұзақ мерзімді өтімділігін қамтамасыз ету үшін қарапайым заттар экономикасы бағдарламасын жүзеге асыру бойынша Қор қаржы агенттігі ретінде жұмыс істейтін болады.

Оған қоса Қор микро-, шағын және орта бизнесті қаржыландырудың қосымша үкіметтік емес көздерін тартуды мақсат

етеді. Болуы мүмкін үкіметтік емес қаржыландыру көздері қатарында халықаралық қаржы институттарының несиелері, облигациялар шығару арқылы қорландыру, сондай-ақ корпоративті бизнес қаржылары бар. Қордың тұрақты институционалды дамуына бизнес-процестерді автоматтандыру, корпоративті басқару деңгейін көтеру мен жұмыстың жоспарланған қаржылық нәтижелерін игеру арқылы жетуге болады.

«ЕҢБЕК» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША

1764

БОРЫШКЕР ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛДЫ

Жоғарыда айтылған жайттарды қорытындылай келе, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ ұжымының Қазақстандағы шағын және орта бизнестің үлесін арттыру және кәсіпкерлік әлеуетін көтеруге арналған бизнесті қолдаудың барынша тиімді әдістерімен қолдау көрсету жөніндегі кәсіби жұмысын одан әрі жалғастыратынын атап айтқым келеді. Сондай-ақ Қор бірлескен тиімді жұмыс үшін әріптестер мен барлық мүдделі тараптарға өз ризашылығын білдіреді. 2019 жылы біз бірлесе отырып, отандық бизнесті одан әрі дамыту бойынша алдымызға қойған міндеттерді жүзеге асыратындығымызға сенімдімін.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Басқарма төрайымы
Г.А. Бурибаева

2018 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАРЫ

1

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ «Банк ЦентрКредит» АҚ-ның шағын және орта кәсіпкерлікті және әйелдер кәсіпкерлігін қолдауға байланысты міндеттемелерін жүзеге асыру бойынша Еуропа қайта құру және даму банкінің пайдасына 45 млн АҚШ доллары көлемінде кепілдік берді.

45

МЛН
АҚШ ДОЛЛАРЫ

347

КОМПАНИЯ

2

2018 жылдың 5–7 мамырында Астана қаласындағы «Көрме» көрме орталығында мемлекеттік қолдауына ие болған «ULTTYQ ÖNİM» (бұдан әрі – Көрме) қазақстандық тауар өндірушілердің жыл сайынғы көрмесі өткізілді. Көрмеге мемлекеттік қолдауға ие болған 347 компания қатысты, қатысушылар саны – 8 000 адамнан астам.

3

2018 жылғы Қазақстан Республикасы Премьер-министрі бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жұмыс Жоспарының орындалуына бақылауды нығайтудың 117 бабын жүзеге асыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылдың 30 наурызындағы №35-р бұйрығына өзгерістер мен қосымшалар енгізілгені ескеріліп, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ стратегиясын дамытуды жүзеге асыру бойынша 2017–2019 жылдардағы шаралар Жоспарының 18 бабын жүзеге асыру үшін 2018 жылдың 2 қарашасында Апекс Департаменті құрылды. Апекс департаментінің жұмысы қоғамдық қаржы және халықаралық қаржы ұйымдарынан несиелер тарту арқылы микро қаржы ұйымдарын институционалды дамытуға және қаржыландыруға бағытталған, әрі ол қазіргі кезеңде микро- және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің бизнес-бастамаларын қорландырудың маңызды кезі болып табылады.

4

2018 жылдың 7 қарашасында қызметі қаржылық қолдау құралдарына (субсидиялау/кепілдік беру/кепілдік қаржыландыру/екінші деңгейлі банктерде, лизинг компанияларында, жекелеген банк операцияларын жүзеге асыратын ұйымдар мен микро қаржыландыру ұйымдарында) қаржылық басшылық жасау (қолдау) шараларын өткізуге бағытталған құралдарды басқару Департаменті құрылды. Бұрын мұндай жұмысты Бағдарламалық құралдар департаменті мен Субсидиялау департаменті жүргізетін. Осылайша мүдделер қайшылығына жол бермес үшін Қаржылық қолдау құралдарын басқару департаментіне, Бағдарламалық құралдар департаменті мен Субсидиялау департаментіне жетекшілік ету Басқарманың әртүрлі мүшелеріне жүктелді.

5

2018 жылдың 21 желтоқсанында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Азия Даму Банкіне 2 және 3 транштар бойынша жүктелген 132,5 млн АҚШ доллары көлеміндегі қарызын мерзімінен бұрын қайтарды.

6

2018 жылдың желтоқсанында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ «Қазақстан қор биржасы» АҚ алаңына 16 млрд теңгенің облигацияларын шығару және орналастыру жолымен облигациялар несиесін тартуды жүзеге асырды.

16

МЛРД ТЕҢГЕ

8,4

МЛРД ТЕҢГЕ

7

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ 2014–2023 жылдарға арналған даму стратегиясын жүзеге асыру мақсатында «КМФ микроқаржы ұйымы» ЖШС Қазақстан Республикасының мынадай микро, шағын және орта кәсіпорындарын тұрақты қаржыландыруға ықпалдасу жобасына қатысушы болып қосылды: екінші деңгейлі банктер арқылы және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Азия Даму Банкімен бірлесіп жүзеге асырған микро, шағын және орта бизнесті және микроқаржы ұйымдарын қаржыландыру». «КМФ микроқаржы» ЖШС-мен әріптестік аясында микро және шағын кәсіпкерлік жобаларын несиелендіруге 5,87 млрд теңге бөлінді. Револьверлі беру ескеріліп, 2018 жылы жалпы құны 8,4 млрд теңге 13 205 борышкерге микронесие берілді.

8

2018 жылдың соңында қаражаттарды шарттасып орналастыруға арналған мынадай екі жаңа бағдарлама іске қосылды:

электрондық коммерция, цифрлы платформа мен олардың экожүйесі саласында кәсіпкерлік жұмыстар атқаратын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін одан әрі қаржыландыру үшін екінші деңгейлі банктерді қаржыландыру;

микро және шағын кәсіпкерлік объектілерін одан әрі несиелендіру үшін несиелендірілетін серіктестіктерін қаржыландыру.

9

2018 жылы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның микро/шағын бизнес кәсіпорындарының Қор бағдарламаларына қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін бағдарламалардың шарттарын ыңғайластыру және Қордың несиелендірілетін портфелінің («Даму-Өңірлер 3», «Даму-Микро», «Даму-Лизинг», «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қатерлерін диверсификациялау жөнінде қаржыны шартты орналастырудың белсенді бағдарламалары қайта бағдарланды.

10

2018 жылы «Агенттік желі» жобасы аясында «Еуразиялық банк» АҚ, «КапиталБанк» АҚ, «Альфа-Банк» АҚ және «RBKBank» АҚ-мен Ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойылды.

1 ҚОР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ



«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (одан әрі – Қор) – Қазақстан Республикасындағы жеке кәсіпкерлікке қаржылық қолдау көрсету жолымен сапалы дамытуды мақсат еткен ұлттық даму институты.

Қор кәсіпкерлер үшін өнімдер мен қызметтің мынадай ауқымды түрін ұсынады: екінші деңгейлі банктер арқылы (одан әрі – ЕДБ) несиелеу бағдарламалары аясында қаржыландыру, микроқаржы ұйымдары (одан әрі – МҚҰ), лизинг компаниялары (одан әрі – ЛК) және басқа да заңды тұлғалар арқылы несиелер жөніндегі сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау, несиелерді кепілдендіру, кеңес беруді қолдау, ақпараттық-талдама материалдарын тарату.




BAITEREK



ФОНД РАЗВИТИЯ ПРЕДПРИИМАТЕЛЬСТВА

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ

ҚАРЖЫЛАЙ ЕМЕС ҚОЛДАУ



ҚАРЖЫЛЫҚ КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ

Құнды қағаздың түрі	Қарапайым акциялар
НИН	KZ1C49420017
Шығарылымның тіркелген күні	09.04.2012
Номиналды құны*	100 000 теңге
Жарияланған акциялардың саны	27 462 244
Орналастырылған акциялардың саны	27 462 244
Акционерге тиесілі акциялардың саны	27 462 244
Акционер туралы ақпараттар	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ
Орналастырылған акциялардағы акционердің үлесі	100%
Дауыс беруші акциядағы акционердің үлесі	100%

* Соңғы орналастырылған акцияның құны



Қор тек қана қарапайым акциялар шығарады. Қарапайым акция Жалғыз акционерге өз ұсынуына берілген барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын береді. Сондай-ақ қарапайым акция Жалғыз акционерге Қордың таза кірісі болғанда дивидендтер алуға және Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен жабылған жағдайда Қордың мүлігінің бір бөлігін алу құқығын береді.

Алматы қаласы, «Аврора» өндірістік кешені» ЖШС. Дезинфекциялау және жуу құралдарының тұрмыстық химия өндірісі бойынша жоба. Компания Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының қаражаты есебінен іске асырылатын өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін ШОК субъектілерін қолдау бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік қолдауға ие болды.

ҚОР ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖАҒРАФИЯСЫ

Қор Қазақстанның барлық аймағында жұмыс істейді. Өңірлік торап барлық облыс орталығындағы, сондай-ақ Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларындағы 16 филиалдан тұрады. Оған қоса, кәсіпкерлерді қолдау инфрақұрылымы 18 Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарынан, 14 Мобильді кәсіпкерлікті қолдау орталықтарынан тұрады.



**КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ҚЫЗМЕТ
КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҚТАРЫ**

■ 18 КҚО (барлық облыс орталықтарында
Нұр-Сұлтан, Алматы, Семей қалаларында)



**МОБИЛЬДІ КӘСІПКЕРЛІКТІ
ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҚТАРЫ (МКҚО)**

■ 14 МКҚО

2018 ЖЫЛЫ:

25 347 КЛИЕНТ

34 603 КЕҢЕС

ҚОРДЫҢ МИССИЯСЫ, СИПАТЫ

ҚОРДЫҢ МИССИЯСЫ

Қордың миссиясы кешенді және тиімді қолдау құралдары арқылы Қазақстандағы микро, шағын және орта кәсіпкерліктің тұрақты дамуындағы белсенді әрекеті болып табылады.

ҚОРДЫҢ СИПАТЫ

2023 жылға дейінгі Қордың сипаты – ұлттық даму институты – микро, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту жөніндегі бағдарламалардың бастамашысы және жүзеге асырушысы.

ҚОРДЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Қордың даму стратегиясы Қазақстандағы микро, шағын және орта кәсіпкерлік секторын дамытуға бағытталған және мемлекеттік, сондай-ақ жеке меншік микро, шағын және орта кәсіпкерлік бағдарламаларын (одан әрі – МШОК) дамытудың сәтті тәжірибелері мен тиімді жүзеге асырылуын қаперде ұстайды. Қордың микро, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауда 20-жылдан астам тәжірибесі мен алдағы мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу мен даму Стратегиясын тиімді жүргізуді арттыруда қолданылатын басқа да күшті жақтары бар.

ҚОРДЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Стратегиялық бағыттар	Стратегиялық міндеттер
Жаңадан бастаған және жұмыс істейтін кәсіпкерлерді қолдау және дамыту	<ul style="list-style-type: none"> • Микробизнесті несиелеуді кеңейту, МҚҰ мен несие серіктестіктерін қолдаудың құралдарын әзірлеу және іске асыру • Жұмыс істейтін МШОК-тың Қордың қаржылық бағдарламаларына қатысуын ұлғайту • МШОК-тың қолдауға ие кәсіпорындарының экономикалық тиімділігін арттыру
Қордың тұрақты институционалдық дамуы	<ul style="list-style-type: none"> • Қосымша қаржыландыру көздерін тарту • Қызметтің қаржылық нәтижелерінің жоспарлы деңгейіне жету • Бизнес-процестерді автоматтандыру • Корпоративтік басқару деңгейін арттыру

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Даму стратегиясы Қордың Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 3 шілдедегі шешімімен бекітілді.



Нұр-Сұлтан қаласы, «Билингвалды балалар клубын іске қосу», ЖК Укубаева Айгүл Құрманғалиқызы. Билингвалды балалар клубын іске қосу жобасы. Компания «БЖК-2020» аясында кепілдік беру құралы бойынша қолдауға ие болды.

2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШОК ТАЛДАУЫ. ДАМУ КЕЛЕШЕГІ



2018 жылы Қазақстанда тіркеуге алынған шағын және орта кәсіпкерлік (одан әрі – ШОҚ) субъектілерінің саны 1,8%-ға өсіп, 1 569 мың бірлікке жетті. Оның үстіне олардың еліміздегі шаруашылық субъектілерінің жалпы санындағы мөлшері 96,7%-ға дейін өсті. Өткен жылы электрмен жабдықтау, білім, тау-кен өнеркәсібі, қызмет көрсету, өнер және көңіл көтеру салаларындағы салалық кәсіпкерлік өсімі аса байқалды. Тіркеуге алынған ШОҚ субъектілері санының төмендеуі транспорт, қойма және сауда салаларында байқалды. (1-кесте)
Жұмыс істейтін кәсіпкерлер саны 8,3%-ға артты.



Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитетінің деректері бойынша 2018 жылдың соңында жұмыс істейтін тұрғындар саны 8 704 мың адамды құрады, оның ішінде 2019 жылдың 1 қаңтарында ШОҚ-пен айналысатындар саны 3 268 мың адам (барлық жұмыспен қамтылғандардың 37,5%-ы) болды. Өткен жылмен салыстырғанда ШОҚ-пен айналысатындар саны 0,9% өскен. (2-кесте)


Соңғы 7 жылда Қазақстанның ІЖӨ өсімі айқын байқалады. 2018 жылы Қазақстанның ІЖӨ-і 3,9% өсіп, 58 786 млрд теңгені құрады. Тауар өндірісі ІЖӨ-нің 38,3%-ын қалыптастырды (оның 28,7%-ы – өнеркәсіп өндірісі), қызмет көрсету – 54,4%, өнім салығы – 7,3%.

ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитетінің деректері бойынша 2018 жылғы ШОҚ өнімдерінің шығарылымы 26 490 млрд теңгені құрады. Өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда бұл көрсеткіш (салыстырмалы баға бойынша) 7,5% өскен. 2018 жылы ШОҚ өнімдерінің жалпы көлемінің 68,8%-ын шағын кәсіпорындар, 19,6%-ын – орта кәсіпорындар және тағы да 11,6%-ын – жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтары шығарған.

ШОҚ жалпы қосымша құнының 2018 жылғы ІЖӨ-дегі үлесі 28,9% болды. (3-кесте)


1-кесте

ҚР ТІРКЕУГЕ АЛЫНҒАН ШОҚ СУБЪЕКТІЛЕРІ САНЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ



2-кесте

ҚР ЕҢБЕКПЕН ҚАМТЫЛҒАН ТҰРҒЫНДАР САНЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ




3-кесте

ІЖӨ МЕН ҚР ШОК ӨНІМДЕРІ ӨНДІРІСІНІҢ ДИНАМИКАСЫ



4-кесте

ЭКОНОМИКА МЕН ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІ НЕСИЕЛЕУДІҢ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ КӨЛЕМІ



Кәсіпкерлікті несиелеу көрсеткіштері мен қордың несиелеудегі үлесі

Тұтастай алғанда 2018 жылы банк несиесінің көлемі 24,4%-ға, 13,5 трлн теңгеге өскен, сондай-ақ кәсіпкерлікке бөлінген қаржы мөлшері 23,6%, шағын кәсіпкерлікті несиелеу 14,0% өскен. (4-кесте)



2018 жылы Қор ЕДБ, ЛК, МҚҰ қаражаттарды шарттасып орналастыру, кәсіпкерлердің несиелері жөніндегі пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау және несиелерді кепілдендіру бағдарламасын жүзеге асыруды ұсынды.

Жалпы өткен жылы Қордың бағдарламаларына қатысқан жеке кәсіпкерлік субъектілері 495 млрд теңге несиеленді. Кәсіпкерлік мақсатындағы банк несиелерінің жалпы көлемінің 5%-ы қор бағдарламасына қатысушыларға тиді. Үлестің төмендігі ЕДБ несиелерінің 50%-ға жуығын алған сауда және құрылыс салалары Қор бағдарламалары бойынша несиеленетін экономиканың басым секторларына жатпайтындығына байланысты.

Экономиканың басым секторларын қаржыландыруға күш салынуынан Қордың салымын қарастырғанда оның 10,4%-ға дейін азайғаны байқалды, ол өткен жылғы көрсеткіштен 6,2 тармақ төмен. (5-кесте)

Қайта өңдеу өнеркәсібіне Қор берген несиелер үлесі 2017 жылғы 17,2%-дан 2018 жылғы 14%-ға дейін төмендеді. Әрі 2017 жылмен салыстырғанда Қордың қайта өңдеу өнеркәсібі саласына берген несиелер мөлшерінің 5 млрд теңгеге өскені байқалды.

Басым секторлар мен қайта өңдеу өнеркәсібіне Қор берген несиелер мөлшерінің төмендеуі 2014–2015 жылдардағы Ұлттық Қор қаржысы есебінен қайта өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта бизнес субъектілерін қолдау бағдарламасы аясына бөлінген қаржыны игерудің аяқталуына және Қордың даму Стратегиясының микро және шағын кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мөлшерін арттыруға ауытқуына байланысты. (6-кесте)

2018 жылы Қор қаржылық қолдау бағдарламаларымен бір кезеңде кәсіпкерлерді оқыту мен оларға кеңес беру бағдарламасын жүзеге асыруды одан әрі жалғастырды.

2018 жылы edu.damu.kz вэб платформасы базасындағы «Кәсіпкерлікті қашықтықтан қолдауды дамыту» жобасы аясында 7 219 адам оқытылды.


Есепті кезеңнің соңына қарай «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан «ШОК топ менеджментін оқыту» компоненті аясындағы тыңдаушылар саны 2949 кәсіпкерді құрады, оның ішінде 2018 жылы 424 адам оқытылды.



2018 жылы 18 Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы мен кәсіпкерлікті қолдаудың 14 МКҚО 25,3 мың клиентке қызмет көрсетіліп, оларға 34,6 мыңнан астам кеңес берілді.

2018 жылдың қорытындысы бойынша Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарының жобаларға қолдау көрсету аясында ЕДБ/ЛК/МҚҰ қолдауына дейін Қор құралдары бойынша қаржылық қолдау алу үшін берілгенжеке кәсіпкерлік субъектілерінің 6410 өтінімімен жұмыс жүргізілді.


5-кесте
ЭКОНОМИКАНЫҢ БАСЫМ СЕКТОРЛАРЫНДАҒЫ
ЖОБАЛАРДЫ НЕСИЕЛЕУ ДИНАМИКАСЫ



Экономиканың басым секторларында ЕДБ берген несиелер, млрд теңге
 Экономиканың басым секторларында «Даму» қоры бағдарламасы бойынша берілген несиелер, млрд теңге
 Экономиканың басым секторларында «Даму» қоры бағдарламалары бойынша берілген несиелердің үлесі (оң жақтағы дінгек)

Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі (www.nationalbank.kz), Қор (www.damu.kz).

6-кесте
ҚАЙТА ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ
ЖОБАЛАРЫН НЕСИЕЛЕУ ДИНАМИКАСЫ



ЕДБ қайта өңдеу өнеркәсібіне берген несиелер, млрд теңге
 Қайта өңдеу өнеркәсібіне «Даму» Қоры бағдарламалары бойынша берілген несиелер, млрд теңге
 Қайта өңдеу өнеркәсібіне «Даму» Қоры бағдарламалары бойынша берілген несиелердің үлесі, % (оң жақтағы дінгек)

Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі (www.nationalbank.kz), Қор (www.damu.kz).

ҚАЗАҚСТАННЫҢ 2019 ЖЫЛҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ МЕН ШОК КЕЛЕШЕГІ

2019–2023 жылдардағы Қазақстанның экономикалық өсу қарқыны Ұлттық экономика министрлігінің болжамы бойынша жыл сайынғы түсім өсімі арқылы 3,9–4,6%-ға жетуге тиіс, оның ішінде ведомствоның болжамы бойынша экономикалық өсім 2019 жылы 3,9% болады.

Қазақстан экономикасы әлемдік экономикалық өсім қарқыны аясында, сұранымның өсіміне, сондай-ақ шикізат бағасының қалыпты сақталуына байланысты дамитын болады. Бір кезеңде жалпы жиналымның өсуі, тұрғындар мен экспорттың тұрақты тұтынуының артуы есебінен тұрақты және



Шымкент қаласы, S.J. SAMRUK фабрикасы. Ерлер костюмдерін тігу жобасы. Компания «БЖК-2020» аясында кепілдік беру құралы бойынша қолдауға ие болды.

қарқынды экономикалық даму күтілуде. Өсімнің маңызды факторларының бірі – тауарлар мен қызмет экспортының артуы. Мұнай мен металлға байланысты экономиканың әлемдік төменгі бағаға бейімделуінен және 2019–2023 жылдардағы тауар мен қызмет экспортына байланысты елдің экспорт стратегиясының ыңғайлы өсімі сақталатын болады.

2019–2023 жылдардағы ақша-несие саясаты инвестициялық нарықтың дамуына, банк секторының белсенді несиелендіруін ынталандыруға оңтайлы әсер етті. Болжамды кезеңдегі ЕДБ несиелерінің орташа жылдық өсу қарқыны 7,9% деңгейінде болады деп күтілуде, атаулы тұрғыда ол 2019 жылғы 15,2 трлн теңгеден 2023 жылы 20,6 трлн теңгеге дейін өседі деп күтілуде. Осы кезеңде резиденттер депозиттері 8,1% өсіп, 2023 жылы 28,8 трлн теңгеге жетпек. Қаржы массасының деңгейі экономикалық дамуға сәйкес болады, орташа монетизацияның шамасы 37,3%-ды құрайды. Болжамды кезеңде 2020–2023 жылдар аралығында инфляция деңгейін 3,0–4,0% төмендету жоспарлануда.

Инвестицияның озық өсіміне Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай шараларын іске асыру ықпалын тигізетін болады:

- Жобалау басқармасының бизнестегі шығындарды төмендетуге, еңбек өнімділігін арттыруға, жобаларды жедел және тиімді басқару арқылы қосымша бағаны арттыру мен инвестициялық қаржыны тиімді тартуға бағытталған бастамалары;
- қайта өңдеу және агроөнеркәсіп секторлары, сондай-ақ қызмет көрсету салаларының көрсетілген кәсіпорындар топтарының инвестициялық мүмкіндігін ұлғайтуға бағытталған орта және шағын кәсіпкерлікті несиелеу жөніндегі шаралар;
- аталған салаларға инвестиция тарту есебінен тұрғын үй және жоғарғы білім алуды қарастыратын жаңа әлеуметтік бастамалар;

– берешек және жеке капиталды, сондай-ақ инфрақұрылымдық құрылысты инвестициялауға қажетті тартымды жағдайлар жасайтын мемлекеттік-жеке әріптестіктің тиімді механизмдері.

Өңірлік деңгейде жаппай кәсіпкерлікті дамыту, бизнестің түрлі кедергілерін төмендету жөніндегі шаралар кешені қабылдана-тын болады. Арнаулы сыйақы тағайындау

арқылы бизнесті жүргізудің жеңілдігі бойынша қалалар мен аймақтардың рейтингі енгізіледі.

«БЖК 2020» аясында субсидиялау, банк несиелерін ішінара кепілдендіру, жетіспейтін инфрақұрылымдарды тарту, мемлекеттік гранттар беру, оқыту және кәсіпкерлерге консалтинг қызметін көрсету арқылы несиелерді арзандату

бойынша мемлекеттік қолдау шаралары жалғастырылатын болады. Кәсіпкерлікті қолдаудың қосымша шаралары есебінде Үкімет пен Ұлттық Банктің ортақ жоспарлары бойынша Ұлттық қордан бөлінген қаржы аясында жұмыстар жалғастырылады. Несиелеу нарығындағы қосымша өтімділікті қолдау үшін халықаралық қаржы ұйымдарынан несиелер тарту бойынша жұмыстар да жалғасын табады.



Атырау облысы, «TransTech International» ЖШС. Нан-тоқаш және макарон өнімдерін өндіру жобасы, «Дәулет Нан» нан зауыты. Компания Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін ШОК субъектілерін қолдау бағдарламасы аясында мемлекеттік қолдауға ие болды

3 ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

АЛДАҒЫ КЕЗЕҢДЕРГЕ ҚОЙЫЛҒАН МАҚСАТТАР



ҚАРАЖАТТАРДЫ ШАРТТАСЫП ОРНАЛАСТЫРУ

2018 жылы ЕДБ, МҚҰ мен ЛК-ға қаражаттарды шарттасып орналастыру бағдарламасы бойынша 18 656 борышкерге жалпы сомасы 273 млрд теңге несие берілді.

2018 жылы Қор ЕДБ-ға/қаржы ұйымдарында қаражаттарды шарттасып орналастыру бағдарламалары бойынша 64,7 млрд теңге сомасына, оның ішінде МҚҰ-ға – 6,9 млрд теңге сомасына қаражат орналастырды.

Қызметтің осы бағыты аясындағы маңызды міндет МШОК-ты несиелендіру мақсатында қаржы институттарына шартты орналастырылған қаражат беру үшін қаржы тарту, оның ішінде мемлекеттік емес дереккөздерден қаржы тарту болып табылады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНАН ҚАРЖЫ ТАРТУ ЖӘНЕ ОРНАЛАСТЫРУ

Қор ЕДБ және МҚҰ арқылы МШОК-ты мемлекеттік кепілдеме арқылы қаржыландыруға 72 млрд теңге несие желісін ашуға Азия Даму Банкімен 2017 жылдың 13 қазанында жасалған келісім бойынша өткен жылы бөлінбеген қаржыны есептей отырып, 31,9 млрд теңге қаржы тартты, ЕДБ/МҚҰ-ға жалпы құны 25,4 млрд теңге қаржы бөлі. 2018 жылы бағдарлама бойынша аталған бағдарлама аясында бөлінген револьверлі төлемдер ескеріліп, 13 511 МШОК субъектісі 39,5 млрд теңгеге қаржыландырылды.

Сондай-ақ 2018 жылы «Банк KassaNova» АҚ және «Банк ЦентрКредит» АҚ үшін Қордың кепілдемесі бойынша Қазақстан

экономикасына Еуропа қайта құру және даму банкінің 10,3 млрд теңге қаржысы тартылды. 2018 жылы қайта қаржыландыру бағдарламасы бойынша аталған бағдарлама аясында бөлінген револьверлі төлемдер ескеріліп, 2 176 ШОК субъектісі 16 млрд теңгеге қаржыландырылды.

БЮДЖЕТ ҚАРЖЫСЫН ТАРТУ ЖӘНЕ ОРНАЛАСТЫРУ

2018 жылы Қор «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (одан әрі – «Еңбек» бағдарламасы) жүзеге асыруды ұсынып, соның аясында 13,95 млрд теңге көлеміндегі облыстық бюджет қаржысы тартылды, оның 14,6 млрд теңгесі 9 ЕДБ-ға/МҚҰ-ға (2017 жылы орналастырылмаған қаржы есепке алынды) орналастырылды. 2018 жылы бағдарлама бойынша аталған бағдарлама аясында бөлінген револьверлі төлемдер ескеріліп, 1 295 МШОК субъектісі жалпы құны 15,4 млрд теңгеге қаржыландырылды.

2018 жылы Қор өңірлік ШОК-ты облыстық бюджет қаржысымен қоса қаржыландыру бағдарламасын жүзеге асыруды ұсынды. Мәселен 2017 жылы 6 әкімшіліктен жалпы құны 3,07 млрд теңге қаржы тартылып, ол «Самұрық-Қазына» АҚ және Қордың өзінің жалпы құны 8,3 млрд теңге қаржысымен қоса қаржыландырылатын жағдайда ЕДБ-ға орналастырылды. 2018 жылы қосымша қаржыландыру бағдарламасы бойынша аталған бағдарлама аясында бөлінген револьверлі төлемдер ескеріліп, 489 ШОК субъектісі 21,5 млрд теңгеге қаржыландырылды.

Қор Стратегиясына сәйкес, 2018 жылы келесі шаралар жүргізілді:

1) кәсіпкерлік қызметті электронды коммерция, цифрлы платформа және олардың экожүйесі саласында жүзеге асыратын

ШОК субъектілерін одан әрі қаржыландыру үшін ЕДБ-ға қаражаттарды шарттасып орналастырудың құралы әзірленді;
2) микро және шағын кәсіпкерлік субъектілерін одан әрі қаржыландыру үшін несие серіктестеріне қаражаттарды шарттасып орналастырудың құралы әзірленді;
3) қаражаттарды шарттасып орналастырудың бағдарламасының талаптарын оңтайластыру аясында келесі шарттар қарастырылды:

– «Даму-Өңірлер III» бағдарламалары ШОК субъектілерінің несиелерін қайта қаржыландыру бойынша шектеулерді, экономиканың басым бағыттары тізіміндегі шектеулерді алып тастау, ЕДБ мен ШОК субъектілерінің сыйақы мөлшерлемесін тиянақталғаннан құбылмалыға өзгерту;
– микро-/шағын кәсіпкерлік субъектілері мен кәсіпкерлік қызмет ететін жеке тұлғаларды мақсаттық бөлігін кеңейту және несие мерзімін арттыру бөлігінде кейіннен қаржыландыру үшін МҚҰ қаржыландыру өнімі;
– ШОК субъектілерінің лизинг мәмілелерін микро-/шағын кәсіпкерліктің мақсатты тобынан шығару және оларды қаржыландыру талаптарын белгілеу бөлігінде қаржыландыру бойынша өнімі,
–мақсатты топтарға жұмыс істейтін кәсіпкерлерді қосып, МШОК субъектілері үшін жұмыс орындарын құру шартын алып тастау бөлігінде «Еңбек» бағдарламасы.

6 ӘКІМШІЛІКТЕН

3,07

МЛРД ТЕҢГЕ
ҚАРЖЫ ТАРТЫЛЫП, ҚОСА
ҚАРЖЫЛАҢДЫРЫЛАТЫН
ШАРТЫМЕН ЕДБ-ҒА
ОРНАЛАСТЫРЫЛДЫ

Оған қоса, 2018 жылы Қор 2019 жылы жүзеге асыру жоспарланған исламдық қаржыландыру принципіндегі ШОК субъектілерін қаржыландыру жөніндегі тәсілдерді жүзеге асыруға байланысты барлық даярлық жұмыстарын жүргізді: жеке секторды (Islamic Corporation for the Development of the Private Sector) дамыту жөніндегі Ислам корпорациясынан 40 млн АҚШ доллары көлемінде қаржы тарту келісілді, оның ішінде «Сукук» ислам облигациялары Холдингінің еншілес ұйымдарын құру арқылы (БРК-Лизинг АҚ) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен құралды іске асыру механизмі белгіленді, Қор белгілеген шарттарға сәйкес ШОК субъектілерін қаржыландыру жобасын жүзеге асыратын операторлар нақтыланды.

СУБСИДИЯЛАУ

Жаңа тиімді инвестициялық жобаларды, сондай-ақ өндірісті модернизациялау мен кеңейтуге бағытталған жобаларды жүзеге асыруға берілген жаңа несие/ қаржы лизингі келісімдері бойынша сыйақылар мөлшерлемесі бөлігін қаржыландыру.

Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау «БЖК 2020» аясында жүзеге асырылады. «БЖК 2020» жүзеге асырылған кезеңде субсидиялау құралы кәсіпкерлер арасында танымалдылыққа ие болды, экономиканың басым секторларына несие тарту тұрғысында өзінің нәтижелілігін көрсетті.

Экономиканы диверсификациялау, өндіріс көлемінің өсу қарқынын арттыру, өнімнің құнын төмендету, яғни қайта өңдеу өнеркәсібін дамыту және жұмыс істету мақсатында Теңгенің ұзақ мерзімді өтімділігін қамтамасыз ету бойынша басым жобаларды несиелеудің механизмі жүзеге асырылды: 2018–2020 жылдардағы ЕДБ-ның өз қызметін қайта өңдеу және агроөнеркәсіп саласында жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдауға бөлген қаржысы 600 млрд теңгеге жетті. Бұл ретте осы

Механизм аясында субсидиялау үшін республикалық бюджеттен 30 млрд теңге бөлінді.

2018 жылы Қор субсидиялау құралы бойынша қолдау көрсетті:

1) «БЖК 2020» аясында несие портфелі 173,16 млрд теңге сомасына 1 432 жобаға қолдау көрсетіліп, бөлінген субсидия көлемі 39,9 млрд теңгені құрады;

2) «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы аясында несие портфелі 24,4 млрд теңге сомасына 32 жобаға қолдау көрсетіліп, төленген субсидия көлемі 1,6 млрд теңгені құрады;

3) «Қазақстан қалаларындағы «Төмен көміртекті дамытуға арналған орнықты қалалар» энергоқызмет бастамасын қолдау бағдарламасы аясында несие портфелі 0,8 млрд теңге сомасына 6 жобаға қолдау көрсетілді, бөлінген субсидия көлемі – 0,002 млрд теңге.

КЕПІЛДІК БЕРУ

2018 жылы Қор кепілдік беру құралы бойынша қолдау көрсетті:

1) «БЖК 2020» аясында несие портфелі 48,605 млрд теңге сомасына 1 191 жобаға қолдау көрсетілді, кепілдік мөлшері 18,857 млрд теңгені құрады;

2) «Еңбек» бағдарламасы бойынша несие портфелі 5,611 млрд теңге сомасына 488 жобаға қолдау көрсетілді, кепілдік мөлшері – 2,870 млрд теңге;

3) «Даму Оптима» бағдарламасы бойынша несие портфелі 11,081 млрд теңге сомасына 265 жобаға қолдау көрсетілді, кепілдік мөлшері 6,584 млрд теңге;

4) «Қазақстан қалаларындағы «Төмен көміртекті дамытуға арналған орнықты қалалар» энергоқызмет бастамасын қолдау бағдарламасы аясында несие портфелі 0,158 млрд теңге сомасына 6 жобаға қолдау көрсетілді, кепілдік мөлшері 0,064 млрд теңге.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау және дамыту бірыңғай бағдарламасына кепілдік алу процесін жеңілдететін және шарттарын айтарлықтай жақсартатын келесі кепілдік беру құралдары бойынша өзгертулер енгізілді:

1) «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау және дамыту бірыңғай бағдарламасы «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы болып атауын өзгертті;

2) мемлекеттік-жеке әріптестік туралы шарттар аясында жүзеге асырылатын жобалар бойынша салалық шектеулер алынып тасталды;

3) кепілдіктерді бекіту процесінен Өңірлік үйлестіру кеңесі шеттетілді;

4) кепілді төменде келтірілетін тәсілдердің бірі арқылы алуға болады:

- ЕДБ-ға шыққанға дейін, яғни алдымен кәсіпкер Қордан кепілдік беру туралы шешім алады, соңынан несие үшін ЕДБ-ға шығады;

- ЕДБ шешім қабылдағаннан кейін;



- кепілдік портфелі аясында. Қор мен ЕДБ арасында Келісімге қол қойылып, соның аясында ЕДБ дербес несие кепілдігіне лимит белгілейді.

5) тиянақтау мерзімі нақтыланатын сыйақы мөлшерлемесі бөлігіне өзгерістер енгізілді: «Банктің кәсіпкердің жобасы бойынша

шешімін қабылдаған күніндегі 5 (бес) пайыздық үстеме тармағы мөлшеріндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық сыйақы мөлшерлемесінен аспайтын атаулы сыйақы мөлшерлемесі бар несиелер бойынша ғана кепілдік беріледі»;

6) барлық кәсіпкерлер несиелер мөлшеріне қарамастан «электронды үкіметтің» веб-порталы арқылы кепілдік алуға электронды өтінім бере алады;

7) жеке кәсіпкердің тіркеуден өткенін растайтын құжат нысаны нақтыланды.

«БЖК 2020» және «Еңбек» бағдарламасында кепілдік құралы бойынша кепілді портфельді кепілдік аясында беруге мүм-

кіндік тудыратын өзгерістер енгізілді. Портфельді кепілдік дегеніміз – Қор белгілеген лимит аясындағы кәсіпкерге берілген кепілдік формасы, ЕДБ соның аясында Қормен қосымша келісіу рәсімінсіз-ақ кепілдік беру туралы өз бетінше шешім қабылдауға құқылы.

Портфельді кепілдіктің рәсімі мынадай:

1) ЕДБ өз бетінше, ішкі құжаттарда белгіленген тәртіпке сәйкес кәсіпкердің өтінімін қарап, борышкермен жобаға кешенді сараптама (қаржылық жағдайы, кепілзаты) жүргізеді;

2) Қордың кепілдемесімен несиелер беру

туралы ЕДБ оңтайлы шешім қабылдаған жағдайда Қорға банктік несиелер шартының көшірмесін жібереді;

3) Қор ЕДБ жіберген кепілдік шартын ресімдеп, қол қояды;

4) ЕДБ кепілдік шартына қол қойып, оған кәсіпкердің қол қоюын қамтамасыз етеді және қол қойылған кепілдік шартын Қорға жібереді.

Кепіл берудің осындай нысаны лимит, ықтимал кепіл берудің мерзімі мен шарттары көрсетілген портфельді кепілдік туралы Қор мен ЕДБ арасында келісім жасалған жағдайда қолданылуы мүмкін.



Маңғыстау облысы, Жел электр станциясы. «БЕСТ – Групп НС». Жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын өндіру жобасы. Компания «БЖК-2020» аясында субсидиялау және кепілдік беру құралдары бойынша қолдауға ие болды.

ҚАРЖЫЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

	іс жүзінде 2016 ж.	іс жүзінде 2017 ж.	Жоспар 2018 ж.	іс жүзінде 2018 ж.	% Жосп. орынд.
ЕДБ/МҚҰ/ЛК-ға қаражаттарды шарттасып орналастыру арқылы кәсіпкерді қаржыландыру					
Қатысушылар саны, дана	10 145	8 305	8 303	18 656	224%
Қаржы сомасы, млн теңге	247 275	230 469	186 850	272 912	146%
Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау					
Қатысушылар саны, дана	2 121	2 310	1 156	1 470	127%
Несие сомасы, млн теңге	331 879	275 660	-*	198 380	100%
Несиелерге кепілдік беру					
Қатысушылар саны, дана	979	1 320	3 900	1 950	50%
Несие сомасы, млн теңге	27 474	42 811	-	65 455	-

*Жоспарлы көрсеткіш тек қана 70 млрд теңге көлеміндегі «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы аясында белгіленген

ҚАРЖЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МОНИТОРИНГІ

Қордың қаржы бағдарламалары аясындағы, сондай-ақ Қор мониторинг функциясын жүзеге асыратын агенттік келісімдер мен басқа да шарттар аясындағы жобалар мониторингі жөніндегі ақпарат.

Мониторинг атауы	Іс жүзінде тексерілгені (жобалардың саны)				
	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Қор қаражаттарды шарттасып орналастыру (17 бағдарлама) бағдарламасы аясындағы жобалардың мониторингі	1 021	947	226	2 334	1 237
Қайта өңдеу өнеркәсібі саласындағы МШОК-ты қолдау бағдарламасы аясындағы жобалардың мониторингі (ҚР ҰҚ қаржысы)	0	606	725	576	819
БЖЗК (ҰҚ, БРК) жобаларының мониторингі жөніндегі агенттік келісім	0	0	0	777	737
Субсидияланған жобалар мониторингі	1 576	1 792	3 068	2 595	1 814
Кепілді жобалар мониторингі	51	440	1 170	989	1 655
Гранттар мониторингі	397	193	406	183	522
Барлығы	3 045	3 978	5 595	7 454	6 784

ЕСКЕРТУЛЕР/КІНӘРАТТАР БОЙЫНША ҚАБЫЛДАНҒАН ШАРАЛАР

Мониторингтің атауы	Ескертулер/ кінәраттар саны	Салынған айыппұл, млн теңге		Алынған айыппұлдар, млн теңге		Қаржыны мақсатты пайдалану бойынша ескертулер, млн теңге		Орын толтыру, млн теңге	
		Саны	Мөлшері	Саны	Мөлшері	Саны	Мөлшері	Саны	Мөлшері
Қор қаражаттарды шарттасып орналастыру (17 бағдарлама) бағдарламасы аясындағы жобалардың мониторингі	24	17	61,46	5	5,96	13	590,42	7	284,9
Қайта өңдеу өнеркәсібі саласындағы МШОК-ты қолдау бағдарламасы аясындағы жобалардың мониторингі (ҚР ҰҚ қаржысы)	17	10	29,60	10	29,60	15	673,52	14	644,18
БЖЗК (ҰҚ, БРК) жобаларының мониторингі	19	Мониторинг нәтижелері ҚР ҰБ-ға жіберілген							
Субсидияланған жобалар мониторингі	21	Субсидияланған жобалар бойынша анықталған кінәраттар							
Кепілді жобалар мониторингі	17	17 кепілдік жоққа шығарылды							
Гранттар мониторингі	58	Анықталған кінәраттар туралы ескерту Бағдарламаның Өңірлік үйлестірушісіне, Байқау комиссиясына жіберілді							
Барлығы	156	27	91,06	15	35,56	28	1 263,94	21	929,08

БАҒДАРЛАМАЛАР ТИІМДІЛІГІНІҢ МОНИТОРИНГІ

«Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы

«БЖК 2020»-ға қатысушы кәсіпорындар мен кәсіпкерлер туралы Қордың болжамды деректері бойынша 2019 жылдың 1 қаңтарындағы өнімдер шығарылымының мөлшері 18,8 трлн теңге, оның ішінде 2018 жылы – 5,3 трлн теңге болған.
(7-кесте)


«БЖК 2020» аясындағы пайыздық мөлшер-лемелерін субсидиялау мен несиелерге кепілдік беру кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштерін жақсартуға ықпалдасады, әсіресе ол қазіргі экономикалық жағдайда көкейкесті болып табылады. Өз кезегінде кәсіпорын қызметін жақсарту есебінен бюджетке түсетін қаржы молайып, бағдарламалардың бюджеттік тиімділігі мен оның экономикалық негіздемесі жақсарды.

2019 жылдың 1 қаңтарында «БЖК 2020»-ға қатысушылар төлеген салықтың жалпы мөлшері 1,2 трлн теңге, оның ішінде болжамды деректер бойынша – 2018 жылы 318 млрд теңгені құрайды.

(8-кесте)

7-кесте


«БЖК 2020»-ҒА ҚАТЫСУШЫЛАР ШЫҒАРҒАН ӨНІМ, МЛРД ТЕҢГЕ



° Алдын ала деректер бойынша

8-кесте

«БЖК 2020»-ҒА ҚАТЫСУШЫЛАР ТӨЛЕГЕН САЛЫҚ, МЛРД ТЕҢГЕ




° Алдын ала деректер бойынша

«БЖК 2020»-ның кәсіпкерлік секторын кеңінен қамтуы және ШОК субъектілерінің бағдарламаға қызығушылығының артуы оны жүзеге асырудың әлеуметтік тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді, әрі ол тұрғындарды жұмыс орындарымен қамтамасыз ету арқылы байқалады.

Мәселен, «БЖК 2020»-ға қатысушылар 2019 жылдың 1 қаңтарына дейін алдын ала 319 мың сәйкес жұмыс орындарын сақтап, қосымша 94 мың жаңа жұмыс орындарын ашқан. (9-кесте)

9-кесте

ЖАҢАДАН АШЫЛҒАН ЖӘНЕ САҚТАЛЫП ҚАЛҒАН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНЫҢ САНЫ, ДАНА



■ Сақталған жұмыс орындары
■ Құрылған жұмыс орындары

° Алдын ала деректер бойынша

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаржысы есебінен қайта өңдеу өнеркәсібіндегі ШОК қолдау бағдарламасы

Қайта өңдеу өнеркәсібі саласының ШОК қолдау бағдарламасына Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаржысы есебінен қатысушы кәсіпорындардың табысы 2015 жылы – 417 703 млн теңге, 2016 жылы – 748 406 млн теңге, 2017 жылы – 1 031 517 млн теңге болды. Қор деректерінің болжамына сәйкес, 2018 жылғы кіріс 1 200 000 млн теңгені құрайды.

Аталған бағдарлама аясында қаржылық қолдау алған кәсіпкерлер 2018 жылы алдын ала бағалау бойынша 74 000 млн теңге көлемінде салық төлеген (2017 жылғы төленген салық мөлшері – 63 980 млн теңге).

ЕДБ мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті берген деректер бойынша Ұлттық қор қаржысына қаржыландырылған кәсіпкерлер 18,4 мың жаңа жұмыс орынын (оның ішінде 2018 жылы – 997) ашқан немесе ашуды жоспарлауда, ол бір кәсіпорынға орташа есеппен алғанда 8-ден астам жұмыс орыны.

ПРОБЛЕМАЛЫҚ АКТИВТЕРДІҢ АЗАЮЫ

01.01.2018 жылғы проблемалық активтер мөлшері – 38,02 млрд теңге

01.01.2018 жылғы Қордың проблемалық активтер құрылымы:

- 1) Тікелей қаржыландыру портфелі (2004-тен 2008 жылдар аралығындағы заемдар мен лизингтер беру жолымен тікелей қаржыландырылған жобалар) 10,12 млрд теңгені құрады;
- 2) басқа дебиторлық берешектер (қаржылық және шаруашылық қызмет жөніндегі дебиторлық берешектер) 4,7 млрд теңгені құрады;
- 3) 28.04.2017 жылы «DeltaBank» АҚ-дан қабылданған 15,69 млрд теңге портфельдің (28.04.2017 жылы «DeltaBank» АҚ-дан Қор қабылдаған түпкілікті заемшылардың жобалары) проблемалық бөлігі 01.01.2018 жылы 6,4 млрд теңгені құрады;
- 4) «DeltaBank» АҚ берешегі – 6,2 млрд теңге;
- 5) «Казинвестбанк» АҚ берешегі – 10,0 млрд теңге;
- 6) орындалған кепілдіктер – 0,6 млрд теңге.

2018 жылғы 38,02 млрд теңге көлеміндегі проблемалық активтердің жалпы көлемінен проблемалы активтерді 7,570 млрд теңгеге (355 % артық мөлшер) азайту қамтамасыз етілді, оның ішінде:

- 1) Қаржылай 6,732 млрд теңге өтелді, оның ішінде:



- 5,931 млрд теңге – «DeltaBank» АҚ-дан берілген жобалар (қамтамасыз етілмейтін несиелер);
- 0,466 млрд теңге – тікелей қаржыландырылған жобалар (тікелей портфель бойынша 365,9 млн теңге 207 борышкерге және 99,9 млн теңге 57 жоба бойынша орындалған кепілдіктер бойынша);
- 0,335 млрд теңге дебиторлық берешектер бойынша өтелді (147 млн теңге «Казинвестбанк» АҚ, 181 млн теңге «Астана-финанс» АҚ және т.б.).

- 2) 838 млн теңгенің проблемалық берешегі өтелді (тікелей қаржыландыру портфелі және дебиторлық берешектер бойынша).

Барлығы 2018 жылы жоспардағы 2,131 млрд теңгенің орнына 7,570 млрд теңге проблемалық берешекті азайту қамтамасыз етілді (6,732 млрд теңге қаржылай + 838 млн теңге кешіру арқылы), асыра орындалуы 355%. Оның ішінде «DeltaBank» АҚ берген жалпы құны 5,931 млрд теңге барлық 16 жобаның қаржысын өтеу қамтамасыз етілді.

ҚОРЫТЫНДЫ КӨРСЕТКІШТЕР

(млрд теңге)

№	Проблемалық активтер	Жоспар	Іс жүзінде	Орындау,%
1	Тікелей қаржыландыру портфелі және дебиторлық берешек		1,639	
		2,131		335%
2	«DeltaBank» АҚ-дан қабылданған портфель		5,931	
	Барлығы	2,131	7,570	

АКТИВТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ

Қордың жарғылық капиталында қатысу үлесі бар, бірақ аталған компаниялардың жұмысына айтарлықтай ықпалы жоқ компаниялар: «Эконом» МКҰ» ЖШС (жарғылық капиталы 12 млн теңге, қатысу үлесі – 16,6%), «Вест Финанс» МКҰ» ЖШС (жарғылық капиталы 5,06 млн теңге, қатысу үлесі – 39,5%), «Жайнар» МКҰ» ЖШС (жарғылық капиталы 5,5 млн теңге, қатысу үлесі – 36,0%). Қазір Қордың Директорлар кеңесінің 2016 жылдың 20 шілдедегі №72 және 2017 жылдың 24 ақпанындағы №77 көрсетілген микронесие ұйымдарын жабу туралы шешіміне сәйкес, микроқаржы ұйымдарын еркін түрде жабу жөніндегі іс-шаралар жалғасуда.

2018 жылы ҚР Әділет министрлігі Оңтүстік Қазақстан облыстық Әділет департаменті Мақтарал аудандық Әділет басқармасы АМБ-ның 04.01.2018 жылғы №1 бұйрығымен «АДАЛ-INVEST» МКҰ» ЖШС-сын жабу жүзеге асырылып, «АДАЛ-INVEST» МКҰ» ЖШС заңды тұлғалар реестрінен жою тіркелді.

2019–2020 жылдары көрсетілген микрокредит ұйымдарын жоюды аяқтау жоспарлануда.



Батыс Қазақстан облысы, «КазСтройМаркет» ЖШС.
Құрғақ құрылыс қоспаларын өндіру жобасы.
Компания «Даму-Өндіріс» бағдарламасы бойынша қолдауға ие болды

2018 ЖЫЛЫ
ЕДБ, МКҰ немесе ЛК
МАҚҰЛДАНҒАНҒА
ДЕЙІН КҚО
КЕҢЕСШІЛЕРІ

6410

ЖОБА
ЖІБЕРДІ

КЛИЕНТТІК СЕРВИС

2018 жылы Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарындағы клиенттік сервисті (КҚО) жақсарту және Қор клиенттерінің санын арттыру, сондай-ақ «БЖК 2020» аясында жүзеге асырылатын функцияларды сервистік қызметпен көшірмелеуді болдырмау мақсатында, Қор Кәсіпкерлерді қолдау орталықтары мен Кәсіпкерлерге қолдау көрсететін мобильді орталықтардың жаңа тұжырымдамасын жасады, оның аясында КҚО кеңесшілерінің қызметі өзгертін болды. Мәселен, жаңа тұжырымдамаға сәйкес, КҚО мен МКҚО

кеңесшілерінің негізгі атқарымды міндеті жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жобасын мақұлдағанға дейін Қор жүзеге асыратын бағдарламаларды қаржыландыру үшін ЕДБ-ға, МҚҰ-ға және ЛК-ға жіберу болып табылады. 2018 жылы ЕДБ-да МҚҰ-да немесе ЛК-да мақұлданғанға дейін КҚО кеңесшілері 6410 жоба жіберді.

Ұсынылатын қызмет сапасын жақсарту мақсатында КҚО менеджерлерінің жұмыс үстеліне CRM Sensor қондырғылары орнатылған, ол клиенттермен әңгіменің аудио-бейне жазбасын жасап, олардың бағасын қоюға мүмкіндік береді. Аталған қондырғының арқасында қызмет сапасын бағалап, клиенттің қанағаттанғанын, қажеттілікке орай кеңес беру барысын жазып алу мүмкіндігі бар. Осылайша, барлық кеңестер міндетті түрде CRM Sensor планшетінде баға берумен аяқталады. 2018 жылы клиенттердің көрсетілетін қызмет сапасына қанағаттану деңгейі 99,5% болды (CRM Sensor деректері бойынша).

2014–2023 жылдардағы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Даму стратегиясын жүзеге асыру мақсатында Қордың корпоративтік сайтына кері байланыс жүйесі енгізілді, ол Қор клиенттерінің көрсетілген қызмет сапасына баға беріп, клиенттерден кепілдемелер, пікірлер алуға, қызметті асыра пайдалану оқиғаларын, алаяқтықты анықтауға, сондай-ақ «онлайн» режимінде клиенттерге шұғыл кеңес айтуға мүмкіндік береді.

Краудфандинг/ краудинвестинг платформаларымен әріптестік
2018 жылдың 18 шілдесінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ мен «STARTTIME» ЖШС (start-time.kz краудфандинг платформасы) арасында өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы Ме-

морандумға қол қойылды. Мұндай әріптестік жаңадан басталған, сондай-ақ не жаңа жобаны іске қосуға ресурсы жоқ, не Қордың несиесін немесе кепілдемесін жаңа платформаға қосып, жүзеге асыруға мүмкіндігі тапшы ағымдағы жобаларға өз ісін бастауға ықпалын тигізеді.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ

«Кәсіпкерлікті дамытуды қашықтықтан қолдау» жобасы аясындағы қашықтықтан оқыту ел аймағындағы тұрғындардың кәсіпкерліктегі өкілеттілігін арттыруға және кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыруға бағытталған.

Жаңадан бастаған кәсіпкерлерді қашықтықтан оқытудың мақсаты – кәсіпкерліктің негіздері бойынша қажетті білім беру және болашақ кәсіпкерлердің өз ісін ашу мүмкіндігін ынталандыру үшін бизнесті жүргізу машықтарын үйрету.

Кәсіпкерлерді қашықтықтан оқытудың мақсаты бизнес жүргізуге байланысты тәжірибелік машықтарды кеңейту және білімді тереңдету, оның ішінде сауда көлемін арттырудың маркетингтік тәсілдерін пайдалануды, қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелерін қадағалауды және сауда бөлімінің жұмысын құру мен басқару машықтарын жақсартуды үйрену болып табылады.

Қашықтықтан оқыту мүдделі адамдардың бәріне қай жерде тұратынына қарамастан өзінің кәсіби деңгейін көтеру мүмкіндігін береді. Бірден-бір шарт – ғаламтордың болуы ғана. Кәсіпкерлер мұндай оқу процесінде интерактивті режимде оқу-әдістемелік материалдарды өз бетінше игеріп, тәжірибелік тапсырмалар орындайды, тестілеуден өтеді. Тестен сүрінбей өткен жағдайда дәріс алушыларға оқудан өткені туралы сертификат беріледі.

2018 жылы бұл жоба бойынша 5 635 адам дәріс алды.

АГЕНТТІК ЖЕЛІ

2018 жылы екінші деңгейлі банктер қызметкерлері арасынан кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдау құралдарын қолдана отырып, микро, шағын және орта бизнес субъектілеріне несие беретін әріптес-банк филиалдарының несие менеджерлерін, мамандарын материалдық тұрғыда ынталандыруға бағытталған «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Агенттік торабы» Жобасы әзірленіп, іске қосылды.

Жоба шарттарына сәйкес, мемлекеттік қолдау құралдарының әрбір қолданылуына төлем жасалынады.

Жобаның шарты бойынша әріптес банк қызметкерлеріне байланысты мұндай жұмыс нысаны Қор мен әріптес банк Жобаны жүзеге асыру аясында әріптестік туралы Келісімге қол қойған жағдайда іске асуы мүмкін.

ШОК ТОП-МЕНЕДЖМЕНТІН СЕРВИСТІК ҚОЛДАУ МЕН ОҚЫТУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ МОНИТОРИНГІ

Қор «Шағын және орта кәсіпкерлік топ-менеджментін оқыту» және «БЖК-2020» аясында жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік қызметке сервистік қолдау көрсету» құралының мониторингі бойынша жұмыстарды жалғастыруда.

2018 жылы ШОК топ-менеджментін оқыту аясында 424 адам дәріс алып, сервистік қолдау қызметіне 58233 қызмет түрін алған 42 845 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жүгінді.

БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ

Сондай-ақ Қордың Байланыс Орталығы – кәсіпкерлер мен жеке тұлғалардың шағымдарын қарап, Қордың мүддесіне сәйкес оларды түрлі байланыс арналары арқылы ақпараттандыратын талдау орталығы да жұмысын жалғастыруда.

2018 жылы Байланыс Орталығының қызметкерлері 70 885 клиентке кеңес берді, олардың 37 208-і (52%) жеке кәсіпкерлік субъектісінің қызметкерлері. BPM жүйесіне 34 654 адам тіркелді.

ҚОРДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ДАМУЫ

2018 жылы ішкі бизнес процестерді автоматтандыру жұмыстары одан әрі жалғастырылды. 2018 жылдың қорытындысы бойынша автоматтандыру деңгейі 92%-ға жетіп, келесі негізгі нәтижелерге қол жеткізілді:



- 1) Ішкі аудит қызметі іс-шараларының жоспары автоматтандырылды. Қазір ішкі аудит қызметі тапсырмалар береді және Электронды құжат айналымы жүйесі арқылы оның орындалуы туралы есеп сұрайды. Орындау мерзіміне бақылау қойылған. Бұрын бұл процесс электронды пошта арқылы жүргізілетін.
- 2) Электронды мұрағат модулі енгізілді. Модуль тасымалдаушы қызметкерлердің кредиттік деректерінің көшірмелерімен толтырылған. 2019 жылы мұрағат бұйрықтары және шарттары жиналған бөлімдермен толтыру жоспарлануда.
- 3) Негізгі қаражатты қабылдау-беру

актілеріне, материалдарды беру талаптарына қол қою және кеңсе ғимараттарын басқару цифрлы форматқа көшірілген. Құжаттарға қағаз қолданбай, электронды-цифрлы тәсілмен қол қойылады.

4) Мүлік кепілдемесі, несие тарту, несие және дебиторлық берешек, сондай-ақ есеп беру сияқты бухгалтерлік есеп процестерін автоматтандыру жұмыстары аяқталды. Осылайша басы артық қағаз құжаттарының іс алмасуы тоқтатылды.

5) Қордың кірістері мен шығындарының бөлшекті есебінің процесі автоматтандырылған. Қор жүзеге асыратын бағдарламалардың (оның ішінде республикалық бюджеттен алынған қаржының) өзіндік құны мен рентабельділігін бағалауға, аймақтағы филиалдардың рентабельділігін бағамдауға, ресурстарды пайдаланудың оңтайлылығын іздестіруге қажетті ақпараттар алуға, шешімдер қабылдауға қажетті есеп құжаттарының толықтығы мен мазмұнын қамтамасыз етуге көмектесетін ақпараттар алудың мүмкіндігі бар.

6) Сатып алу қызметінің процестері автоматтандырылған. Тауар сатып алу, жұмыспен қызмет көрсетудің техникалық ерекшеліктерін анықтау, шартқа қол қою құжат айналымының электронды жүйесінде жүргізіледі.

7) Қызметкерлерді бейімдеу, іріктеу, бағалау және оқыту процестері автоматтандырылған. Бұрынғыдай қағаз тасымалдаушысын пайдаланудың қажеті жоқ.

8) Жобалар мониторингінің процесі автоматтандырылған. Жеке кәсіпкерлік субъектілері жобалары мониторингінің негізгі жұмыстары sales жүйесінде жүргізіледі. Ғаламторды қосу арқылы алыс аймақтарға жол жүрген жағдайда мониторинг туралы есеп толтырудың мүмкіндігі пайда болды.

9) Жетекші қызметкерлердің жұмысының негізгі көрсеткіштерінің мониторингі автоматтандырылған.

10) Сондай-ақ сыртқы контрагенттермен байланыс цифрлы форматқа көшірілді. Барлық шығыс құжаттарына электронды-цифрлы қол қойылады.

11) Субсидиялау бизнес-процесі автоматтандырылған. Бүгінгі күні өтінім беруден шешім қабылдауға дейінгі барлық процесс bpm'onlinesales жүйесі бойынша жүргізіледі.

12) Қаржы тарту және орналастыру процестері автоматтандырылған.

Оған қоса, «БЖК 2020» аясындағы қаржысы шектеусіз, сондай-ақ осы бағдарлама аясында несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидия беретін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру жөніндегі кепілдікке өтінім жазу да авторматтандырылды.

Сондай-ақ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Digital Baiterek цифрлық алаңында «Еңбек» бағдарламасы аясында кепілдік алуға өтінім беру жүзеге асырылды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК

2018 жылы Қор халықаралық қаржы институттарымен және шетелдік ұйымдармен халықаралық байланысты белсенді жалғастырды. Қор басшылығы деңгейінде АҚШ-қа, Ресей Федерациясына, Беларусь Республикасына, Испанияға, Қытай Халық Республикасына сапарлар ұйымдастырылды. Қор өкілдері сонымен бірге кәсіпкерлікті дамыту институттарымен кездесу үшін Польша мен Тәжікстанға барды.

Мұндай сапарлар тәжірибе алмасу және кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі шаралардағы халықаралық әріптестіктің белсенділігін арттыруға ықпалын тигізеді. Атап айтқанда, Қор Ресейлік ШОК Корпорациясымен және ШОК Банкімен, кәсіпкерлікті қаржылай қолдайтын Беларусьтың БЕЛАРП, Қытайдың «Жібек жолы» қорымен, Қытай-Еуразия экономикалық қорымен, малайзиялық SME Corp. корпорациясымен, корейлік SBC және KODIT ұйымдарымен, сингапурлық EnterpriseSingapore агенттігімен, поляктың PARP, венгердің MBA, әзірбайжанның KOBIA, жапонның JICA және басқа да ұйымдармен ынтымақтастықты нығайту жұмыстарын жалғастырды.

2018 жылдың 12 қыркүйегінде Анкара қаласында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ мен KOSGEB шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту және қолдау ұйымы арасында ынтымақтастық жөніндегі жол картасына қол қойылып, соның аясында 2018 жылдың желтоқсанында Қор қызметкерлері үшін KOSGEB-де тағылымдама ұйымдастырылды.

Қосымша қаржыландыру көздерін тарту мақсатында Қор Азия Даму Банкі, Еуропа қайта құру және даму банкі, Еуразиялық Даму банкі, Еуропа инвестиция банкі, жеке секторды дамыту жөніндегі Ислам корпорациясы сияқты халықаралық қаржы институттарымен белсенді әріптестік жүргізді.

2018 жылы Қор мынадай жаңа ықтимал әріптестермен байланысты дамытуға кірісті: Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі, Бүкіләлемдік банк және БҰҰ-ның Жасыл климаттық қоры.

Үдерістерді қолдауға бағытталған Қазақстан Республикасындағы инновациялық жобаларды дамыту мақсатында поляктардың Ernst&YoungPoland және стартап-бастамасын жүзеге асырудағы сәтті тәжірибесі ескеріліп, поляктың Startberry, Wavespace және Eynovation даму Қорымен өзара әріптестік басталды.

Жасыл және исламдық қаржыландыру механизмдерін дамытуға айрықша көңіл бөлінді.

Мәселен 2018 жылдың сәуірінде Қор БҰҰ Даму бағдарламасымен бірлесіп, «Төмен көміртекті дамуға арналған орнықты қалалар» бағдарламасы бойынша жобаларды жүзеге асыруға кірісті. Сондай-ақ Қазақстанға «жасыл қаржыны» одан әрі тарту үшін БҰҰ-ның Жасыл климат Қорындағы аккредитациялау жөніндегі жұмыстарын бастады. Жеке секторды дамыту жөніндегі Ислам корпорациясымен 40 млн АҚШ долларын тартуға байланысты мәселе қарастырылды.



Шығыс Қазақстан облысы, «Шығыс Универсал» ЖШС. Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты (балық және шаян тәрізділер) қайта өңдеу жобасы. Компания «БЖК 2020» бағдарламасы аясында қолдауға ие болды

АЛДАҒЫ КЕЗЕҢДЕРГЕ ҚОЙЫЛҒАН МАҚСАТТАР

2019 жылы ішінде жоспарлау, есеп, тәуекелдерді басқару, инвестициялар, операциялық қызметтер, сондай-ақ өкілетті органдардан бастап қызметкерлерге дейінгі барлық деңгейде шешімдер қабылдау процесі де бар тұрақты дамудың Стратегиясына тұрақты даму принциптерін интеграциялау саласындағы Қордың саясатын енгізу жоспарлануда.

Қорда тұрақты даму принциптерін енгізудің алғашқы қадамдарының бірі тұрақты даму мәселелері бойынша білікті және корпоративтік мәдениетті көтеруге арналған Қор қызметкерлерінің тренингін өткізу болады.

Сондай-ақ 2019 жылы негізгі бизнес-процестерді автоматтандыру жұмыстарын аяқтау жоспарлануда:

- 1) Digital Damu жобасы аясында интернет-портал әзірлеу және енгізу;
- 2) «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның Рейтинг моделін автоматтандыру.
- 3) iDamu (Intelligence Data Analysis Management Unification) жобасын жүзеге асыру.

Қызметтің негізгі бағыттары бойынша мынадай жоспарлануда:

Қаражаттарды шарттасып орналастыру

2019 жылы Қор Қордың Стратегиясын жүзеге асыру мақсатында мынадай өнімдер шығаруды жоспарлауда:

- 1) зияткерлік меншікке қол жеткізу жөніндегі әрекеттерді одан әрі қаржыландыру үшін құралдарды жүзеге асыру мен әзірлеудің тәжірибесін қарастыру жоспарлануда;
- 2) электронды коммерция, цифрлы платформа мен олардың экожүйесі саласында кәсіпкерлік қызмет жүргізетін ШОК субъектілерін қаржыландыру үшін жаңа өнімдерді жүзеге асыру аясында 1 млрд теңге көлеміндегі Қор қаржысын бөлуді бастау жоспарлануда. Өнім электронды сауда алаңдарын дамыту есебінен электронды

коммерцияны одан әрі жүйелі түрде қолдауға арналған;

3) жеке секторды дамыту жөніндегі Ислам корпорациясынан (Islamic Corporation for the Development of the Private Sector) тартылған 40 млн АҚШ доллары көлеміндегі қаржы есебінен ШОК субъектілерін исламдық принциптер бойынша қаржыландырудың құралдарын жүзеге асыру жоспарлануда.

2019 жылы Апекс департаменті аясында ШОК-ты институционалды дамыту және қаржыландыру жөнінде жұмыстар жүргізу жоспарлануда.

Сондай-ақ қаражаттарды шарттасып орналастырудың мынадай ағымдағы бағдарламалары бойынша Қор жұмысының жоспарларын да айта кету керек:

- 1) ШОК субъектілерін лизингтік қаржыландыру бойынша шартты қаржыны ЕДБ мен ЛК-ға орналастырудың аясында 2 млрд теңге көлеміндегі Қор қаржысын орналастыру жөнінде жұмыстар жүргізу жоспарлануда. Өнім микро-шағын кәсіпкерлікті лизингтік қаржыландыруға арналған;
- 2) 2019 жылы аймақтардағы кәсіпкерлерді қолжетімді және ұзақ мерзімді қорландыруды қамтамасыз ететін өңірлік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жергілікті атқарушы органдардан (онан әрі – ЖАО) қаржы тарту жөніндегі жұмыстар жалғасын табады, сондай-ақ «Еңбек» Бағдарламасын жүзеге асыру жалғасуда. 2019 жылғы жоспарға сәйкес, қаржы институттарын одан әрі қорландыруға арналған қаржы тартудың жалпы көлемі 22 млрд теңге болады деп жоспарлануда. Осы қаржыны ЕДБ/МҚҰ-ға орналастыру 2019 жылы жүзеге аспақ;
- 3) «Даму-Өңірлер III» бағдарламасын жүзеге асыру аясында Қордың 4 млрд теңге қаржысын одан әрі орналастыру жоспарланып отыр;
- 4) Азия Даму Банкінің заемін ЕДБ және

МҚҰ (АДБ заемының 4 траншы) арқылы МШОК субъектілерін қаржыландыруға жұмсау, қалған 40,1 млрд теңге несие желісін ЕДБ/МҚҰ-ға орналастыру жоспарлануда.

5) Қазақстан Республикасының Экономиканы жаңарту жөніндегі мемлекеттік комиссиясының шешімі негізінде Қор бұрын ЕДБ-дан шақыртып алған 14,6 млрд теңге көлеміндегі қаржыны ҚР Ұлттық қорының қаржысынан (1, 2, 3 транштар) бағдарламаларды жүзеге асыру аясында ЕДБ арасында бөлу жоспарлануда.



6) Сондай-ақ 2019 жылы Қор кем дегенде 30 млн АҚШ доллары көлеміндегі қаржыны шағын және орта бизнесті қаржыландыруға жұмсау үшін өз кепілдігімен Еуропа қайта құру және даму банкісінен тартуды жоспарлауда.



Субсидиялау және кепілдік беру

Қор «БЖК 2025» жобасын және Ережелер жобасын жасап, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне қарауға

ұсынды. Аталған жобалар «БЖК 2020»-ның 2025 жылға дейінгі жалғасы түрінде.

2019 жылы сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілері қызметке өтінімді электронды түрде бере алатын электронды үкімет (egov.kz) порталымен интеграциялану жөніндегі жұмысты жүргізеді.

Мемлекет басшысының 2018 жылдың 5 қазанындағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: Табыс Пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру жөніндегі шаралардың Жалпыұлттық жоспарының 4-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылдың 11 желтоқсанындағы № 820 және 2018 жылдың 29 желтоқсанындағы № 943 қаулыларымен теңгенің ұзақ мерзімді өтімділігін (Механизм) қамтамасыз ету жөніндегі басым жобаларды несиелеу Механизмі және «БЖК 2020» аясында сыйақы мөлшерлемелерінің бір бөлігін субсидиялау ереже-

лерінің өзгерістері/қосымшалары бекітілді. Аталған Механизм ЕДБ-ны басым жобаларды несиелеудің қолжетімділігі міндетін жүзеге асыру үшін кемінде 600 млрд теңге көлеміндегі ұзақ мерзімді теңге өтімділігімен қамтамасыз етеді.

2019 жылы Қор «БЖК 2020» және «Еңбек» Бағдарламалары аясында портфельдік кепілдендіруді жетілдіруді жоспарлауда.

Клиенттік сервис

2019 жылы КҚО-дағы клиенттік сервисті күшейту жоспарлануда. Клиенттік сервисті жақсарту үшін бірінші кезекте көрсетілетін қызмет сапасын, клиенттерге қызмет көрсетуді арттырып, клиенттерге одан әрі сапалы қызмет көрсету үшін қызметкерлер өкілеттілігінің деңгейін көтеру қажет. КҚО-дағы клиенттерге қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында Қордың CRM-жүйесінің мүмкіндіктерін ескере отырып, КҚО қызметкерлерінің клиенттермен жұмысының

ережесін нақтылау, көрсетілген қызметтер нәтижесі бойынша клиенттерге сұрау салу тәсілін енгізу жоспарлануда.

КҚО-дағы көрсетілетін қызмет сапасына келсек, клиенттер арасында сұрау салу және Қордың ағымдағы жұмыстарына өзгерістер енгізудің қажеттілігін анықтау, сол арқылы өнімді жақсарту жоспарлануда.

Клиенттерге қызмет көрсеткенде ыңғайлы жағдай қалыптастыру мақсатымен КҚО қызметкерлері үшін CRM-жүйесінде Қор бағдарламаларына қатысуға қажетті құжаттар жиынтығы, сондай-ақ клиенттердің несиесін өтеу тәртібі және т.б. көрсетіледі. Бір кезеңде қозғалыс мониторингі мен қарау жылдамдығы, клиенттің өтінімінің келуі арқылы көрсетілетін қызмет сапасына бақылау жасау мүмкіндігі тұмақ. Осылайша жоғарыда көрсетілген барлық шаралардың Қордағы клиенттік сервисті жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік беруі жоспарлануда.



Жамбыл облысы,
«Сәуле» кондитерлік
фабрикасы» ЖШС.
Жаңа ұннан жасалған
кондитерлік өнімдерді
өндіру жобасы.
Компания «БЖК-2020»
екінші бағыты аясында
қолдауға ие болды.

4 ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ. ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР



№	Негізгі қызмет көрсеткіштерінің атауы	2018 ж.			Көрсеткіштерді орындамау/ асыра жүзеге асыру себептері туралы түсініктемелер
		Жоспар	Іс жүзінде	% жосп. орынд.	
1	МҚҰ портфелінің Қордың несиелік портфеліндегі үлесі, %	7,98%	11,9%	149%	Асыра жүзеге асыру «КМҒ микроқаржы ұйымы» ЖШС Азия Даму Банкінің 5 868 млн теңге көлеміндегі қаржысының несиелік желісін мерзімінен бұрын игеруіне байланысты
2	Қолдау көрсетілген кәсіпкерлердің жалпы санындағы микро- және шағын кәсіпкерліктің үлесі, %	77,0%	89,5%	116%	Қаржыны шартты орналастыру Бағдарламасы есебінен асыра орындалды
3	Нарықтағы МШОК субъектілерінің жалпы санына орай қаржылық қолдау көрсетілген МШОК субъектілерінің үлесі, %	3,8%	4,7%	124%	Қаржыны шартты орналастыру Бағдарламасы есебінен асыра орындалды
4	2014 ж. жиналымға орай еңбек өнімділігінің артуы және нарықтың кеңеюі ескерілген ағымдағы өндірістерді модернизациялау және ұлғайту жөніндегі жобалар мен жаңа жобалардың саны (Мем.бағдарламалар/Қордың бағдарламалары), дана	47 179	58 609	124%	Қаржыны шартты орналастыру Бағдарламасы есебінен асыра орындалды
5	Қордың қолдау құралдары көрсетілген тұрғын үй құрылысының көлемі, мың ш. м.	50	163,5	327%	«Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасын жүзеге асыру басталысымен құрылысшылардың несиелері жөніндегі сыйақы мөлшерлемесінің бөліктерін субсидиялау бойынша оған қолданысқа енгізілген тұрғын үйлердің көлемі 225,51 мың ш.м. болды, оған қоса 2017 жылы 62,01 мың ш.м., 2018 жылы – 163,5 мың ш.м. қолданысқа енгізілді.
6	Қордың несиелік портфеліндегі жеке сектордың үлесі, %	100%	100%	100%	
7	Қолдауға ие болған кәсіпкерлік субъектілері өндірген өнімнің көлемі, млрд теңге	14 648	-	100%	Нақты деректерді 2019 жылдың екінші жартысында ҚР ҚМ МҚД береді. Алдын ала орындалуы жоспарлы деңгейде

№	Негізгі қызмет көрсеткіштерінің атауы	2018 ж.			Көрсеткіштерді орындамау/ асыра жүзеге асыру себептері туралы түсініктемелер
		Жоспар	Іс жүзінде	% жосп. орынд.	
8	Қордан қолдау алған кәсіпкерлік субъектілерінің төлеген салығының өсімі, млрд теңге	13	-	100%	Нақты деректерді 2019 жылдың екінші жартысында ҚР ҚМ МҚД береді. Алдын ала орындалуы жоспарлы деңгейде
9	Есепті жылдағы несиелер берудің жалпы құрылымындағы несиелер берудің мемлекеттік емес дереккөздерінің үлесі, %	72,3%	72,9%	101%	
10	Қордың негізгі бизнес процестерінің автоматтандырылуы, %	100%	92%	92%	72 бизнес-процестің 6-уы автоматтандырылмаған
11	МШОК субъектілерінің «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қызметіне сенімі мен қанағаттануын бағалауы, %	кемінде 80%	91,3%	114%	-

АКТИВТЕРДІ ТИІМДІ БАСҚАРУ

Қордың активтері мен пассивтерін басқару – стратегиялық көрсеткіштерге жетуді қамтамасыз ететін, кірісті қолдайтын, қаржыны орналастыру және тартудың мөлшері мен мерзімінің сәйкестігін қамтамасыз ететін және негізсіз тәуекелдерді азайтатын активтер мен пассивтер теңгерімінің құрылымын қалыптастырушы және қолдаушы процесс. Қордың активтері мен пассивтерін басқарудың басты міндеттері біркезеңде тәуекелдерді азайтып, Қордың қызметіндегі жоғарғы қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізуді мақсат ететін активтер мен пассивтерді жүйелеуден тұрады.

Қазіргі жағдайда Қордың активтері мен пассивтерін тиімді басқарудың қажеттілігі мынада:

- жаңа күрделі өнімдердің пайда болуы;
- тартылған ресурстар құрылымындағы өзгерістер;

- экономиканың тұрақсыздығы;
- Қордың барлық бағыттағы жұмыстарын үйлестірудің қажеттілігі;
- тәуекелді басқарудың жалпы аясындағы контрагент қаржысын ұсынуға байланысты көзқарастарды үйлестірудің қажеттілігі.

Қордың активтер мен пассивтерді басқарудағы негізгі міндеттері – өтімділікті қаржы ағыстарының барлық сұранымын жеткілікті мөлшерде жаба алатын деңгейде ұстау, мүмкіндікке орай – өтімділіктің артықшылығын тиімді орналастыру, кез келген жұмыстағы тәуекелдерді жабуға қажетті капитал мөлшерін жеткілікті етіп ұстау, уақытша бос қаржының сақталуын, ағымдағы міндеттемелер бойынша төлем қабілетін, ықтимал инвестициялық мүмкіндіктерді қаржыландыру қабілетін қамтамасыз ету.

2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдайға сәйкес, Қордың активтері 304,1 млрд теңгені құрады және несиелер жөніндегі әріптес-банк Азия Даму Банкінің несиесі жөніндегі (2,3 транштар) міндеттеменің өтелуіне байланысты ол 2017 жылмен салыстырғанда 15,8 млрд теңгеге азайды.

Активтер құрылымындағы негізгі үлес (72%) несиелер портфеліне тиесілі. Қаржының салыстырмалы үлесі жиынтық активтердің 16%-ын құрады, Қордың құнды қағаздары активтердің 2%-ын құрайды.

2018 жылдың қорытындысы бойынша Қордың міндеттемесі 231,6 млрд теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңінен 12,8 млрд теңге артық болды.

2019 жылдың 1 қаңтарындағы меншікті капитал 72,5 млрд теңгені құрады.

ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

2018 жылы Қордың жалпы кірісі 31,2 млрд теңге болды, оның ішінде негізгі қызмет кірістері – 19,5 млрд теңге, валюталық үстемелерді асыра бағалау кірістері – 7,3 млрд теңге, негізгі емес қызметтердің кірістері – 4,4 млрд теңге.

Қордың 2018 жылғы жалпы шығыны 41,8 млрд теңге болды. Қор шығындарының негізгі бөлігін провизиялы құру шығындары (47%) құрайды, несие алу және басқа да қаржылық шығындардың үлесі 19%-ды, бағам айырмасы жөніндегі шығында – 18%-ды, әкімшілік шығындары 11%-ды құрады.

2018 жылдың қорытындысы бойынша (-11,9) млрд теңге деңгейінде кері қаржылық нәтиже алынып, ол табыстылық көрсеткіштеріне әсер етті.

2018 жылғы қаржылық жағдайдың нашарлауына байланысты «Цеснабанк» АҚ

міндеттемелері жөніндегі провизиялар қалыптастырудың нәтижесі бойынша жағымсыз қаржылық нәтиже алынды.

РЕЙТИНГ

2018 жылдың қорытындысы бойынша халықаралық Moody's Investors Service рейтинг агенттігі «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның ұлттық және шетелдік валюта бойынша ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді рейтингін «Ваа3» деңгейінде көрсетті. Сондай-ақ ұлттық шкала бойынша рейтинг «Aa1.kz» деңгейінде бекітілді. Рейтинг жөніндегі болжамдар «Тұрақты» қалпында қалады.

ДАМУ ЖОСПАРЛАРЫ

Қор қызметтің қаржылық нәтижелерінің жоспарлы деңгейіне жету үшін жоспарлау мен бюджеттің бірыңғай тәсілін енгізу,

басқарушылық есеп жүйесін құру, қызметтің негізгі көрсеткіштерін белгілеу жөніндегі жұмыстар жүргізеді.

2018 жылы Қор көрсетілген қызметтер (бағдарламалар) түрлері бойынша кірістер мен шығындар есебінің жариялығын қамтамасыз ету, басқарушылық шешім қабылдауға қажетті нақтылау бойынша бөлу нәтижелерімен есептің толықтығы мен мазмұндылығын қамтамасыз ету мақсатында кірістер, шығындар мен активтердің бөлшекті есептеу жүйесін енгізді.

ЕЛЕУЛІ МӘМІЛІЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Қор 2018 жылы жасасқан өзара байланысты тараптармен жүргізілген мүдделі мәмілелер, ірі мәмілелер мен операциялар туралы ақпарат қосымшада келтірілген.

ҚЫЗМЕТТІҢ ТАБЫСТЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Атауы	2016 жыл (іс жүзінде)	2017 жыл (іс жүзінде)	2018 жыл (жоспар)	2018 жыл (іс жүзінде)
ROA, активтердің табыстылығы	1,6%	1,2%	-2,8%	-3,8%
ROE, капиталдың табыстылығы	5,8%	4,1%	-10,1%	-13,7%
BCD кірісінің орташа көрінісі	14,23%	9,66%	7,00%	8,6%
Қызметтің табыстылығы	17,3%	14,1%	-28,6%	-28,6%
NI margin	19,6%	20,7%	-46,6%	-28,6%
Борыш/ меншікті капитал	2,5	2,1	4,0	3,2
Активтердегі несие портфелінің үлесі	58,8%	68,6%	75,8%	71,8%

5 ҚОРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТЫ



Бұқаралық коммуникациялардың маңызды тетіктерінің бірі кәсіпкерлер мен тұрғындарды қызмет нәтижелері, Қор жүзеге асыратын жаңа қолдау бағдарламалары немесе қабылданған өзгерістер, қызмет нәтижелері туралы шұғыл ақпараттандыруға, сондай-ақ барынша өзекті проблемаларға байланысты кері байланыс орнатуға мүмкіндік беретін Қордың корпоративтік сайты (www.damu.kz) мен бизнес-порталы (www.business.gov.kz) болып табылады.

Қатысу рейтингінің объективті көрінісіне қол жеткізу үшін Қордың ғаламтор ре-

сурстарына қатысу мәліметтері орналастырылады. 2018 жылдың қорытындысы бойынша Қордың корпоративтік сайты қазақстандық zego.kz қатысу рейтингінде 13-ші, бизнес-порталдың «Қаржы» категориясының тіркелген 98 ресурсының ішінде 8-ші орында.

Іс жүзінде барлық бағыттар мен PR-науқан аспектілерін мынадай әлеуметтік желі арқылы жүзеге асыруға болады: көпшілікті өз өніміңіз туралы жалғасты түрде әрі мақсатты ақпараттандыратын контент-стратегия, тұтынушылармен бай-

ланыс, жарнама науқандарын, акциялар, байқаулар өткізіп, көпшіліктің көңіл-күйін анықтау, жариялықты арттыру.

Қазір коммуникацияның барлық арналары интеграцияланған кезде компаниялар үшін өз желісін иемденумен қоса әлеуметтік желілердегі өз ақпараттарын белсенді түрде жаңартып отыру да маңызды. 2018 жылы Instagram, Facebook және YouTube-та 1397 жарияланым орналастырылды. Instagram аккаунт қорындағы жазылушылар саны – 15,5 мың, Facebook – 38,9 мың.



15,5 МЫҢ ЖАЗУШЫЛАР



38,9 МЫҢ ЖАЗУШЫЛАР



Қызылорда облысы, «Қуат» ЖШС.
Полимерден құбырлар өндіру жобасы.
Компания «БЖК 2020» аясында субсидиялау құралы бойынша қолдауға ие болды.

6 ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ



Қордың тәуекелдерді басқару жүйесі Қордың атқарушы органдары мен басқару органдарын тәуекелдер туралы ақпараттармен, оларды минимизациялау жөніндегі шешімдермен дер кезінде құлақтандыруды қамтамасыз ететін процестер мен процедуралардың жүйесінен тұрады.

Қордың тәуекелдерді басқару процесінің негізгі элементі оның ұйымның ерекшелігіне, негізгі қызмет принциптеріне, бизнес-процестер мен әр қызметшінің тәуекелдерді басқару процесіне тартылуын интеграциялау болып табылады.

Қордың тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің (одан әрі – ТБКЖ) үздіксіз, жалғасты жұмысы төмендегі сызбада көрсетілген.



Қазіргі кезде ТБЖЖ құрылымы тәуекелдерді басқарудың мынадай төрт деңгейі түрінде: Директорлар кеңесі, Басқарма, Тәуекел-менеджменті департаменті, құрылымдық бөлімшелер (тәуекелдердің иелері).

Тәуекелдерді анықтау және бағалау анағұрлым «әлсіз» тұстарды анықтауға қажетті базалық негіздемелерді жүзеге асыру жолының көлемі мен ағымдағы тәуекелдер жөніндегі жалпы түсінікті қалыптастыруға бағытталған. Аталған процесс тәуекелдерді басқарудың қолданыстағы тәсілдері мен процедураларын бағалауға мүмкіндік береді.

Тәуекелдерді басқару жағымсыз әсерлерді және ықтимал шығындарды азайтуға немесе Қордың қызметіне төнген қатерге байланысты шығынға ұрынған жағдайда оның орынын толтыруға мүмкіндік беретін іс-шаралар әзірлеу және оларды іске асыру үрдісі болып табылады.

2018 ж. Қорда KPMG компаниясы өткізген тәуекелдерді басқарудың (тәуекелдерге бақылау жүргізудің тәсілдері мен басқару әдістерін қоса алғанда) Корпоративтік жүйесінің тиімділігін бағалау жөніндегі есеп бекітіліп, оның қорытындысы бойынша түзету іс-шараларының жоспары құрылды.

2018 жылы тәуекелді басқару жүйесі «БЖК 2020»-ның ШОК жобаларына кепілдік беру бойынша несиелік тәуекелдердің кешенді талдауын жүзеге асыруға бағытталды. Қор бағдарламаларды жүзеге асырудың маңыздылығын ескеріп, жыл сайын жобалық тәуекелдерді бағалаудың әдістемелерін жетілдіреді, ол несие тәуекелдерін бастапқы кезде азайтуға мүмкіндік береді.

Кепілдік беру немесе олардан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда Қор несие тәуекелдерін бағалаудың өз кешенді әдістемесінің нәтижелерін пайдаланады. Мұндай әдістеме жобаның қаржылық көрсеткіштеріне жағымсыз әсер етіп, тәуекелдердің өзара байланысты факторларын жан-жақты талдауға және соған сәйкес Қордың берілген кепілдіктер портфелі бойынша несие тәуекелдері деңгейін арттыруға әсер етуі мүмкін.

2018 жылы дәстүрге сәйкес қаржылық тәуекелдерді басқару барысында мынадай үш тәуекел аймағы анықталды: ЕДБ-дағы шартты несиелер, құнды қағаздар портфелі мен ЕДБ-дағы уақытша еркін қаржы. Оларды азайту үшін банк-контрагенттермен активті операцияларды лимиттеу әдістемесі, ЕДБ, ЛК-дағы несие тәуекелдерін және корпо-

ративтік эмитенттерді қашықтықтан талдау пайдаланылды.


Лимиттеу әдістемесінің қолданылуы Тәуекел-менеджменті департаментінің қаржылық тәуекелдерді басқарудың техникалық базаларын және әдістемелерін жетілдіру жөніндегі әрекеттері арқасында мүмкін болды.

Қорда тәуекелдерді басқару жүйесі енгізілгеннен бастап тәуекелдерді басқару жөніндегі құжаттардың әдістемелік базасы енгізілді. Атап айтқанда, орталықтандырылған шаралар арқасында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ сыртқы кеңесші PWC-мен бірлесіп, тәуекелдерді басқару жүйесін енгізді, ол ішінде тәуекелдердің барлық жеке түрлерін (несие, нарықтық, операциялық тәуекелдер, бизнес-тәуекелдер, жылжымайтын мүлік тәуекелі) басқару мен бағалау, қалыпты және күйзелісті жағдайлар ескеріліп, тәуекелдердің жиынтық көлемін анықтау, ішкі капиталдың жеткіліктілігінің есебі және тәуекел-тәбетін қалыптастыру (капиталдың, кірістің және өтімділіктің жеткіліктілігі) бар банктік бақылау жөніндегі Базель комитетінің талаптарына сай алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибеге сәйкес жасалды.

Қор Басқармасы Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес, тоқсан сайын Директорлар кеңесіне негізгі тәуекелдердің сипатымен және талдауымен, тәуекелдер жөніндегі лимиттердің сақталуы туралы ақпаратпен, сондай-ақ жоспарларды және негізгі тәуекелдерді азайту жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыру туралы ақпаратпен қоса тұғырнамалық негізде Тәуекелдер жөнінде есеп береді.

2018 жылы операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі жұмыстар жалғасын тапты. Тәуекелдер, тәуекелдер регистрі базасын автоматтандыру жөніндегі шаралар жүргізілді. Осы бағыттағы жұмысқа Қордың барлық құрылымдық бөлімшелері тартылып, құжаттардың кешенді жиынтығы бекітілді,

КОМПОНЕНТТЕР БОЙЫНША ТБЖЖ ТИІМДІЛІГІНІҢ БАҒАЛАУЫ



оның ішінде: тәуекелдердің регистрі мен картасы, тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралардың жоспарлары жаңартылды.

Барлық талданған және бағаланған тәуекелдер Тәуекелдер картасына түсіріледі. Тәуекелдер картасы әр тәуекелдің (басқа тәуекелдермен салыстырмалы түрде) маңызын бағалауға, сондай-ақ зардапты тәуекелдерді анықтауға мүмкіндік береді және оларды басқару жөнінде шаралар белгілеуді талап етеді.

Корпоративтік деңгейдегі тәуекелдер регистрі мен Қордың тәуекелдер картасы тәуекелдердің мынадай топтарына жататын тәуекелдерден тұрады: стратегиялық, қаржылық (несиелік, нарықтық, өтімділік тәуекелдері), құқықтық және операциялық. «Қызыл» аймаққа түскен тәуекелдер Қор қызметіне барынша зиян келтіреді, «сары» аймаққа түскендері тәуекелдердің қалыпты деңгейін көрсетеді, «жасыл» аймаққа түскен тәуекелдер қауіптің барынша аздығын білдіреді.

Барлық тәуекелдер бойынша оларды азайту жөніндегі мынадай шаралардың/бақылау әрекеттерінің жоспары бекітілген:

- 1) тәуекелдердің негізгі индикаторы (ТНИ) бекітілді;
- 2) жүзеге асырылған және ықтимал тәуекелдер базасының тұрақты бақылауда болу тәжірибесі енгізілді;
- 3) Қор қызметін үзіліссіз басқару жүйесі аясында Қордың қызметін қалпына келтірудің, Қорды дағдарысты жағдайда басқарудың жоспары жасалынды.



Алматы облысы, «Алматы желдеткіш зауыты» ЖШС. Ауа баптағыштарын, желдеткіштерді өндіру жобасы. Компания «Даму Өңірлер – III» бағдарламасы бойынша, сондай-ақ «БЖК-2020» аясында субсидиялау және кепілдік беру құралдары бойынша қолдауға ие болды.



Ақмола облысы, «Samhat» аяқ киім фабрикасы» ЖШС. Аяқ киім өндіру жобасы. Компания «БЖК-2020» аясында кепілдік беру және субсидиялау құралдары бойынша қолдауға ие болды.



Қарағанды облысы, «Eurasia Building» ЖШС. Көп пәтерлі тұрғын үйлер салу жобасы. Компания «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы бойынша субсидияланады.

НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР

Қорда негізгі тәуекелдер мынадай категорияларға бөлінеді:

- а. Қор контрагенттерінің несие тәуекелі – ЕДБ, МҚҰ мен ЛК-ға орналастырылған қаржыға байланысты олардың Қор алдындағы міндеттемелерін орындамауынан болған тәуекелдер түрінде.
- б. Қаржылық тәуекел – валюта бағамының

толқуына және пайыздық мөлшерлемелердің теңестірілмеген құрылымына байланысты туындаған шығындардың ықтималдылығы.

с. Операциялық тәуекел – ішкі процестердің, персоналдың әрекетінің, жүйенің функциясының қателігінен немесе кері жұмыстарының нәтижесінде, сондай-ақ ішінде құқықтық

тәуекел де (стратегиялық және репутацияны жоғалту тәуекелінсіз) бар сыртқы оқиғаларға байланысты шығынға ұшырататын тәуекел.

д. Құқықтық тәуекел – заң, нормативтік-құқықтық актілер, келісімдер, қабылданған тәжірибе немесе этикалық норма талаптарының бұрмалануынан немесе сақталмауынан туындаған ықтимал тәуекел.

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Ішкі бақылау жүйесі корпоративтік басқару жүйесінің бөлінбес бөлшегі және бизнес-процестің тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды элемент болып табылады.

Қор ішкі бақылаудың ағымдағы жүйесін жетілдіру мақсатында мынадай шаралар өткізеді:

1. Ішкі бақылау жүйесі туралы саясатқа (Қордың Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 20 қыркүйектегі №73 шешімімен бекітілген) COSO (Тредвей комиссиясы демеушілік ұйымының комитеті) үлгісіне сәйкес ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған процедуралармен қоса өзгерістер/қосымшалар енгізіледі;
2. Ішкі бақылау жүйесіне қатысушылар, олардың өкілеттілігі, сондай-ақ міндеттері белгіленген ішкі бақылаудың үш қорғаныс желісінің нақты сипаттамасымен қоса «ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру» ұғымына басымдық берілген;
3. Ішінде бақылау ортасы, тәуекелдерді бағалау, бақылау процедуралары, ақпараттық қамтамасыздан-дыру жүйесі мен ақпарат алмасу, ішкі бақылау жүйесінің тиімділігінің мониторингімен бағалануы бар ішкі бақылау жүйесінің (COSO үлгісіне сәйкес) өзара байланысты бес құрамдас бөлігі нақты сипатталған.

Тәуекелдерді және ішкі бақылау жүйесіндегі кемшіліктерді анықтау мақсатында анықталған кемшіліктерді/ескертулерді жою және Қордағы ішкі бақылауды жетілдіру жөніндегі кешенді шаралар қабылданады. Тәуекелдер-менеджменті департаменті жүйелі негізде мынадай іс-шаралар жүргізеді:



ІШКІ
БАҚЫЛАУ
ЖҮЙЕСІН ТӘУЕЛСІЗ
БАҒАЛАУДЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫ ҰПАЙЫ

88%
БОЛДЫ

- 1) аудит қызметінің Қордың барлық құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне байланысты ұсынымдардың орындалу мониторингі;
- 2) Сыртқы аудит жүргізу нәтижесінде берілген ұсынымдардың орындалу мониторингі;
- 3) Қордың Жалғыз және Қор директорларына тәуелсіз акционері – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ұсынымдарының орындалу мониторингі.

2018 жылы «Делойт» ЖШС Қордағы тәуелсіз ішкі бақылау жүйесін бағалауды жүзеге асырды. Ішкі бақылау жүйесін тәуелсіз бағалаудың қорытынды ұпайы 88% болды.

7 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУ ЖҮЙЕСІ

Қордың Жарғысына сәйкес оның басқару органдарына мыналар жатады:

1. Жоғарғы орган – Жалғыз акционер;
2. Басқару органы – Директорлар кеңесі;
3. Атқарушы орган – Басқарма;
4. Қордың қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жасайтын орган – Ішкі аудит қызметі;
5. Ішкі несие саясатын жүзеге асыратын орган – Несие комитеті;
6. Активтер мен міндеттемелерді диверсификациялау принциптеріне, қаржылық тәуекелдерді оңтайластыруға және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге қол жеткізу мақсатындағы басқарудың тиімділігін арттыру жөніндегі орган – Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитет;
7. Қордың несие, лизинг, инвестициялық, құжаттық, шаруашылық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде туындаған проблемалық де-

биторлық қарыздарды қайтару жұмыстарын жүзеге асыратын орган – Проблемалық активтермен жұмыс жөніндегі комитет;

8. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған басқа органдар.

2018 жылғы Корпоративтік басқару кодексінде көрсетілген негізін қалаушы жеті принциптерді сақтау туралы есеп Қордың корпоративтік сайтына орналастырылған.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі жүргізген Қордағы корпоративтік басқару диагностикасының 2015–2016 жылдардағы нәтижесі бойынша корпоративтік басқару деңгейінің үздік тәжірибелер талаптарына сәйкестігі 80,1% құрады.

Қордың 2017–2018 жылдардағы корпоративтік басқару диагностикасын жасау 2019 жылға жоспарлануда.

**КОРПОРАТИВТІК
БАСҚАРУ ДЕҢГЕЙІНІҢ
ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР
ТАЛАПТАРЫНА
СӘЙКЕСТІГІ**


80,1%

ҚҰРАДЫ

ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қордың ұйымдастыру құрылымы стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Қордың 22 департаменті, 2 қызметі мен 16 өңірлік филиалы бар.

«ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ҚОРЫ» АҚ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

Қордың Жалғыз акционері «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (одан әрі – Холдинг) болып табылады.

Холдингтің миссиясы – Стратегия 2050-де көрсетілген міндеттерге қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасы экономикасының тұрақты дамуына қолдау көрсету. Холдинг мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды жүзеге асырудың негізгі операторы болып табылады.

Холдингтің негізгі міндеттерінің бірі – Холдингтегі компаниялар тобы қызметінің тиімділігі мен бір-бірін толықтыру қызметін қамтамасыз ету

**ХОЛДИНГТІҢ
МИССИЯСЫ –
ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ
ТҰРАҚТЫ
ДАМУЫНА
ҚОЛДАУ
КӨРСЕТУ**

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Қорға стратегиялық жетекшілікті және Басқарма қызметіне бақылау жасауды қамтамасыз етуші басқару орган болып табылады.

Директорлар кеңесі Жалғыз акционер алдындағы өз қызметінің толық жариялығын қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесі өз функциясын Қазақстан Республикасының заңдарына, Қордың Жарғысына, Қордың корпоративтік басқару кодексіне және Қордың басқа да құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

2019 жылдың 1 қаңтарында Қордың директорлар кеңесінің құрамында 6 мүше болды, оның 2-і тәуелсіз директорлар.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

Директорлар кеңесінің төрағасы – Досаев Ерболат Асқарбекұлы

1970 жылы туған, Қор Директорлар кеңесінің төрағалығына 2017 жылдың 5 қазанында сайланды, өкілеттілігі 2019 жылдың 13 наурызында тоқтатылды.

Директорлар кеңесінің мүшесі – Арифханов Айдар Әбдіразақұлы

1974 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшелігіне 2017 жылдың 5 сәуірінде сайланды. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Жалғыз акционерінің өкілі.

Директорлар Кеңесінің мүшесі – Мұхамеджанов Бектас Гафурұлы

1957 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшелігіне 2018 жылдың 1 тамызында сайланды.

Тәуелсіз директор – Бахмутова Елена Леонидовна

1962 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшелігіне 2018 жылдың 19 қыркүйегінде сайланды.

Тәуелсіз директор – Елемесов Асқар Раушанұлы

1968 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшелігіне 2018 жылдың 28 мамырында сайланды.

Директорлар Кеңесінің мүшесі – Сарқұлов Абай Серікұлы

1981 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшелігіне 2017 жылдың 5 сәуірінде сайланды.

Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады, Қор акцияларына, тасымалдаушылар мен Қор бәсекелестерінің акцияларына ие болмайды. Директорлар кеңесі мүшелері туралы нақты ақпарат Қордың корпоративтік сайтына орналастырылған.

2018 жылы Директорлар кеңесінің құрамында мынандай өзгерістер болды:

1. 2018 жылдың бірінші тоқсанында Жалғыз акционердің 2018 жылдың 24 қаңтарындағы шешімімен (№02/18) өз өтінімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшесі Г.Т.Жолдыбаеваның өкілеттілігі тоқтатылды. Жалғыз акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесінің мүшелігіне Г.Б. Тәжияқов сайланды.
2. 2018 жылдың 25 наурызында тәуелсіз директор Ж.Т.Ертілесованың өкілеттілік мерзімі аяқталды. Жалғыз акционердің 2018 жылдың 27 наурызындағы шешімімен (№11/18) Директорлар кеңесінің құрамы 6 (алты) адам болып бекітілді.
3. Жалғыз акционердің 2018 жылдың 28 мамырындағы шешімімен (№21/18) Директорлар кеңесінің құрамы 7 (жеті) адам болып бекітілді. А.Р. Елемесов Директорлар кеңесінің мүшелігіне, 3 (үш) жыл мерзімге Қордың тәуелсіз директоры болып сайланды.

4. Жалғыз акционердің 2018 жылдың 1 тамызындағы шешімімен (№31/18) Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор С.Ж. Бисекеевтің өкілеттілігі тоқтатылды. Б.Г. Мұхамеджанов Директорлар кеңесінің өкілеттілігі тұтас тоқтағанға дейін Директорлар кеңесінің мүшелігіне сайланды.
5. Жалғыз акционердің 2018 жылдың 29 тамызындағы шешімімен (№34/18) директорлар Кеңесінің мүшесі Г.Б. Тәжияқовтың өкілеттілігі тоқтатылды. Директорлар кеңесінің құрамы 6 (алты) адам болып белгіленді.
6. Жалғыз акционердің 2018 жылдың 19 қыркүйектегі шешімімен (№37/18) Директорлар кеңесінің құрамы 7 (жеті) адам болып белгіленді. Тәуелсіз директор О.А. Жандосовтың өкілеттілігі 2018 жылдың 25 қыркүйегіне дейін белгіленді. Е.Л. Бахмутова Директорлар кеңесінің мүшелігіне, 3 (үш) жыл мерзімге тәуелсіз директор болып сайланды. 2018 жылдың 26 қыркүйегінде

Директорлар кеңесінің құрамы 6 (алты) адам болып белгіленді.

7. 2018 жылдың төрт тоқсанында Директорлар Кеңесінің құрамы өзгертілген жоқ.

Тәуелсіз директорларды іріктеу процесі Жалғыз акционердің 2018 жылдың 28 қарашасындағы №53/18 шешімімен бекітілген «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесі туралы Ережемен реттелген.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН ОНЫҢ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2018 жылы 10 көзбе-көз тәртіпте және 5 сырттай Директорлар кеңесінің отырысы өткізілді. 130-дан астам мәселе қаралды. Есепті жылы Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің 29 отырысы өткізілді. Комитеттердің барлық отырыстары көзбе-көз тәртіпте өтті.

Оған қоса тәуелсіз директорлардың бастамасымен Жалғыз акционердің өкілдерінің,

Директорлар кеңесі, Қор Басқармасы өкілдерінің басқа да өкілдердің қатысуымен екі стратегиялық сессия өтті. 2018 жылдың ақпаны мен қыркүйегіндегі сессиялар барысында Қордың 2014–2023 жылдардағы даму стратегиясының өзгерістері, Қазақстан

Республикасы Ұлттық Қоры бөлген қаржы есебінен ЕДБ-ға берілген несиелердің сапасы, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ клиенттері – жеке кәсіпкерлік субъектілері жағдайының есепті форматы және басқа да мәселелер қаралды.

2018 ЖЫЛҒЫ ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСТАРҒА ҚАТЫСУЫ

№	Директорлар кеңесінің мүшелері	Қатысуы	%
1	Досаев Ерболат Асқарбекұлы	15/15	100%
2	Арифханов Айдар Әбдіразақұлы	15/15	100%
3	Мұхамеджанов Бектас Гафурұлы (2018 жылдың 1 тамызынан)	7/8	88%
4	Елемесов Асқар Раушанұлы (2018 жылдың 28 мамырынан)	11/11	100%
5	Бахмутова Елена Леонидовна (2018 жылдың 19 қыркүйегінен)	6/6	100%
6	Сарқұлов Абай Серікұлы	15/15	100%

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ



Директорлар кеңесінің төрағасы
Досаев Ерболат Асқарбекұлы



Директорлар кеңесінің мүшесі
Арифханов Айдар Әбдіразақұлы



Директорлар Кеңесінің мүшесі
Мұхамеджанов Бектас Гафурұлы



Тәуелсіз директор
Бахмутова Елена Леонидовна



Тәуелсіз директор
Елемесов Асқар Раушанұлы



Директорлар Кеңесінің мүшесі
Сарқұлов Абай Серікұлы

1970 жылы туған,
Қор Директорлар кеңесінің төрағалығына 2017 жылдың 5 қазанында сайланды, өкілеттілігі 2019 жылдың 13 наурызында тоқтатылды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСЫ

Қордың Директорлар кеңесі жанында 3 комитет жұмыс істейді: стратегиялық және бюджеттік жоспарлау жөніндегі, аудит жөніндегі, тағайындаулар, сыйақылар мен әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттер. Директорлар Кеңесі жанындағы профильді комитеттерді корпоративтік басқарудың озық тәжірибесіне сәйкес тәуелсіз директорлар басқарады.

Комитеттердің қызметі Қордың Директорлар кеңесінің шешімі бекіткен Ережелерге сәйкес реттелген.

Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау жөніндегі комитет Қордың даму Стратегиясын жасауға, жүзеге асыруға және түзетулер енгізуге қатысты мәселелер бойынша кепілдемелер мен ұсыныстар дайындайды, Қорды дамыту жоспарын бекітеді, оларды жүзеге асыру мониторингін өткізеді, бюджет жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді және басқа да мәселелерді шешеді.

2018 жылы Комитеттің 9 көзбе-көз отырысы өткізіліп, 29 мәселе қаралды, оның ішінде Қордың 2017 жылғы Жылдық есебі, Қордың Стратегиясын жүзеге асыру жөніндегі есебі, Қорды дамытудың (түзету) 2017–2021 жылдардағы жоспары және басқа мәселелер алдын-ала мақұлданды.

Аудит жөніндегі комитет Қордың қаржы-шаруашылық қызметін бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу, жылжымайтын мүлік мониторингі және ішкі, сыртқы бақылау жүйесінің тиімділігі мен тәуекелдерді басқару, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуы жөніндегі және тағы да басқа Директорлар кеңесінің ұсыныстарын жүзеге асырумен айналысады.

2018 жылы комитеттің 9 көзбе-көз отырысы өткізіліп, онда 80-нен астам мәселе, оның

ішінде Ішкі аудит қызметінің тоқсандық есептері, Қордың тәуекелдері жөніндегі тоқсандық есептері, Қордың корпоративтік басқару кодексінде көрсетілген принциптерді сақтау туралы есебі, Қордың 2017 жылғы жылдық-қаржылық есебі және тағы да басқа мәселелер алдын ала мақұлданды.

Тағайындау, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің кадр саясаты мен уәждеме саясаты, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Басқарма мүшелерінің, корпоративтік хат-

шының қызметін бағалау және тағы да басқа мәселелер жөніндегі ұсыныстарын жасау және ұсыну мақсатында құрылды.

2018 жылы Комитеттің 11 көзбе-көз отырысы өткізіліп, онда Қордың жетекші қызметкерлерінің (атқарымды ҚНК) 2017 жылғы Қызметі тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің картасы, Басқарма құрамындағы өзгерістер, Қордың Жетекші қызметкерлері жұмысының негізгі көрсеткіштерінің картасы және олардың 2019 жылғы (атқарымды ҚНК) мақсатты маңызы және т.б. мәселелер қаралды.

Директорлар Кеңесінің 2018 жылғы 19 қыркүйектегі шешімімен Комитет құрамы Директорлар кеңесінің мына мүшелерінен бекітілді:

Аудит жөніндегі комитет

Комитет төрағасы	Елемесов А.Р., тәуелсіз директор
Комитет мүшесі	Бахмутова Е.Л., тәуелсіз директор
Комитет мүшесі	Мұхамеджанов Б.Г., Директорлар кеңесінің мүшесі

Тағайындаулар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет

Комитет төрағасы	Бахмутова Е.Л., тәуелсіз директор
Комитет мүшесі	Елемесов А.Р., тәуелсіз директор
Комитет мүшесі	Мұхамеджанов Б.Г., Директорлар кеңесінің мүшесі

Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау жөніндегі комитет

Комитет төрағасы	Бахмутова Е.Л., тәуелсіз директор
Комитет мүшесі	Елемесов А.Р., тәуелсіз директор
Комитет мүшесі	Мұхамеджанов Б.Г., Директорлар кеңесінің мүшесі

Қор Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес жыл сайын Директорлар кеңесі мен Комитеттер жұмысының тиімділігін кешенді бағалау, директорлар қызметін үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес жеке бағалау жұмыстарын жүргізеді. 2018 жылдың қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі мен комитеттер жұмысының тиімділігін бағалауды Халықаралық қаржы корпорациясының (IFC) сыртқы тәуелсіз сарапшылары жүргізді. Бағалаудың мақсаты – Директорлар кеңесі мен комитеттердің қызметі туралы ақпарат алу, сондай-ақ Директорлардың кеңес жұмысына қосқан жеке үлестеріне талдау жүргізу. Жүргізілген бағалау нәтижесінде Директорлар кеңесі мен комитеттер жұмысының мықты жақтары анықталды, сондай-ақ олардың қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсынымдар жасалынды.

БАСҚАРМА

Басқарма Қордың Жарғысына сәйкес құрылған, Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционерге есепті, Қордың алқалы атқарушы органы болып табылады және Қор

мен Жалғыз акционердің мүддесіне сәйкес ағымдағы басқаруды жүзеге асырады.

Басқарма Қазақстан Республикасының заң

актілері мен Қордың Жарғысына, басқа органдар мен Қордың лауазымды басшыларына қатысы жоқ кез келген мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы.

БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ



**Басқарма төрағасы –
Сарқұлов
Абай
Серікұлы**

1981 жылы туған,
2017 жылдың
23 ақпанында Басқарма
төрағасы болып
сайланды,
2019 жылдың
24 сәуірінде өкілеттілігі
тоқтатылды



**Басқарма
төрағасының
орынбасары –
Бурибаева
Гаухар
Асылбекқызы**



**Басқарма
төрағасының
орынбасары –
Әбілқайыров
Дәулет
Мақсұтұлы**



**Басқарма
төрағасының
орынбасары –
Нұрғазиев
Ғалым
Нұрғазыұлы**



**Басқарушы
директор –
Басқарма мүшесі
Шәріпов
Әсет
Болатұлы**



**Басқарушы
директор –
Басқарма мүшесі
Ұласбеков
Қуаныш
Серікұлы**

Басқарма төрағасы – Сарқұлов Абай Серікұлы

1981 жылы туған, 2017 жылдың 23 ақпанында Басқарма төрағасы болып сайланды, 2019 жылдың 24 сәуірінде өкілеттілігі тоқтатылды.

Қор Басқармасын басқарады. Қордың барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің қызметіне бақылау жасап, үйлестіреді және жетекшілікті жүзеге асырады, Басқарма мүшелерінің, Басқарма төрағасы көмекшісінің, Аппарат басшысының, Басқарушы директордың, Тәуекелдер менеджменті департаментінің, Қауіпсіздік қызметінің жұмысын тікелей бақылайды, үйлестіреді және жетекшілік етеді.

Басқарма төрағасының орынбасары – Бурибаева Гаухар Асылбекқызы

1983 жылы туған, 2018 жылдың 28 маусымында Қордың Басқарма төрағасының орынбасары болып сайланды.

Апекс департаментінің, Кепілдік беру департаментінің, Субсидиялау департаментінің, Бағдарламалық құралдар департаментінің, Клиенттік сервис департаментінің жұмысына жетекшілік етеді және үйлестіреді.

Басқарма төрағасының орынбасары – Әбілқайыров Дәулет Мақсұтұлы

1983 жылы туған, 2014 жылдың 21 мамырында Қордың Басқарма төрағасының орынбасары болып сайланды.

Халықаралық әріптестік департаментінің, Маркетинг департаментінің және Қарыз алу департаментінің жұмысына жетекшілік етеді және үйлестіреді.

Басқарма төрағасының орынбасары – Нұрғазиев Ғалым Нұрғазыұлы

1972 жылы туған, 2017 жылдың 15 желтоқсанында Қордың Басқарма төрағасының орынбасары болып сайланды.

Басқарушы директордың, Мемлекеттік органдармен өзара әрекеттестік департаментінің, Өңірлік филиалдардың, Қазынашылық департаментінің, Бухгалтерлік есеп пен есептілік департаментінің және баспасөз хатшысының жұмысына жетекшілік етеді және үйлестіреді.

Басқарушы директор – Басқарма мүшесі – Шәріпов Әсет Болатұлы

1982 жылы туған, 2017 жылдың 3 шілдесінде Басқарушы директор – Қордың басқарма мүшесі болып сайланды.

Мониторинг департаменті, Проблемалық активтермен жұмыс жөніндегі департаменті, Қаржылық қолдау құралдарын басқару департаменті және Заң департаменті мәселелері жөніндегі жұмыстарға жетекшілік етеді және үйлестіреді.

Басқарушы директор – Басқарма мүшесі – Ұласбеков Қуаныш Серікұлы

1984 жылы туған, 2017 жылдың 3 шілдесінде Басқарушы директоры – Қордың басқарма мүшесі болып сайланды.

Басқарма директорының, Стратегиялық талдау және корпоративтік басқару департаментінің, Бизнес-технологиялар департаментінің, Ақпараттық технологиялар департаментінің, Бюджеттік жоспарлау департаментінің жұмысына жетекшілік етеді және үйлестіреді.

Қордың Басқарма мүшелері Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады, Қордың, Қордың жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Басқарма мүшелері туралы нақты ақпарат Қордың корпоративтік сайтына орналастырылған.

БАСҚАРМАНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттері Жарғымен, Басқарма туралы ережемен және Қордың басқа да ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленеді.

Басқарма туралы ереже Қордың Басқармасын қалыптастыру мен жұмыс тәртібін, Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін, оның шешімдерін қабылдау мен құжаттау, сондай-ақ олардың орындалуына бақылау жасаудың тәртібін белгілейді.

2018 жылдың басында Қордың Басқарма құрамында мынадай 7 мүше болды, оның ішінде:

1. Басқарма төрағасы – Сарқұлов Абай Серікұлы;
2. Басқарма төрағасының орынбасары – Әбілқайыров Дәулет Мақсұтұлы;
3. Басқарма төрағасының орынбасары – Нұрғазиев Ғалым Нұрғазыұлы;
4. Басқарма төрағасының орынбасары – Ақшанов Нұрлан Сағындықұлы;
5. Басқарушы директор – Басқарма мүше-

2018 жылы Басқарма құрамында мынандай өзгерістер болды.

1. Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 31 мамырдағы шешімімен (№ 05/2018) Басқарма төрағасының орынбасары Н.С. Ақшановтың өкілеттілігі тоқтатылды.
2. Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 6 маусымдағы шешімімен (№ 06/2018) Басқарма төрағасының орынбасары қызметіне Г.А.Бурибаева тағайындалды.
3. Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 3 қыркүйегіндегі шешімімен (№ 08/2018) Басқарушы директор – Басқарма мүшесі А.В. Финогенованың өкілеттілігі тоқтатылды.

- сі – Ұласбеков Қуаныш Серікұлы;
6. Басқарушы директор – Басқарма мүшесі – Шәріпов Әсет Болатұлы;
7. Басқарушы директор – Басқарма мүшесі – Финогенова Алена Валерьевна.

2018 жылы құрамнан Ақшанов Нұрлан Сағындықұлы мен Финогенова Алена Валерьевна шығарылып, Қордың Басқарма құрамына Басқарма төрағасының орынбасары Бурибаева Гаухар Асылбекқызы енгізілді.

2018 жылдың соңында Қордың Басқарма құрамында мынадай 6 мүше болды:

1. Басқарма төрағасы – Сарқұлов Абай Серікұлы
2. Басқарма төрағасының орынбасары – Әбілқайыров Дәулет Мақсұтұлы;
3. Басқарма төрағасының орынбасары – Нұрғазиев Ғалым Нұрғазыұлы;
4. Басқарма төрағасының орынбасары – Бурибаева Гаухар Асылбекқызы;
5. Басқарушы директор – Басқарма мүшесі – Ұласбеков Қуаныш Серікұлы;

6. Басқарушы директор – Басқарма мүшесі – Шәріпов Әсет Болатұлы.

2018 жылы Басқарманың 197 отырысы өткізіліп, Қорды оперативтік басқару бойынша шешімдер қабылданды. Қаралған мәселелердің саны – 980.



БАСҚАРМА ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР

Кадр саясаты жөніндегі комитет, Өзгерістерді басқару жөніндегі комитет пен Бюджет комитеті өз өкілеттілігін Қордың Басқармасы берген өкілеттілік аясында жүзеге асыратын Қор Басқармасы жанындағы тұрақты жұмыс істеуші алқалы-кеңес органдары болып табылады.

1) Кадр саясаты жөніндегі комитет – кадр саясатын жүзеге асыратын, еңбек шарттары мен жағдайының талаптарын, жұмысшылардың біліктілігі мен өкілеттілігін белгілейтін, кадр ресурстарын жоспарлаудың кешенді жүйесін дамытатын кәсіби стандарттар жасайтын және қолданысқа енгізетін орган. 2018 жылы 734 мәселе қаралды.

2) Өзгерістерді басқару жөніндегі коми-

тет – жұмыс істеп тұрған/жаңа бизнес процестерді жетілдіру, автоматтандыру және оңтайластыру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыратын, сондай-ақ жаңа өнімдерді қарап, алдын-ала бекітетін орган. 2018 жылы 220 мәселе қаралды.

3) Бюджет комитеті – қаржылық жылдағы Қордың жоба көрсеткіштерін нақтылау жөніндегі ұсыныстарын қамтамасыз ету және жасау, Қордың ағымдағы бюджетін түзету жөнінде ұсыныстар енгізу, бюджеттің орындалуына баға беруді қарастыру жөніндегі орган. 2018 жылы 190 мәселе қаралды.

Комитет мүшелерінің жеке құрамы мен

санын Қор Басқармасының шешімі нақтылайды. Комитеттердің жұмысына басшылықты комитет төрағалары жүргізеді. Комитет құрамы Басқарма мүшелерінен (2 (екі) адамнан аспау керек) және басқа да қызметкерлерден құралады, Комитеттер Қор Басқармасының мүшесі болып табылатын комитет төрағасынан, комитет төрағасының орынбасарынан және комитеттің ішінде кеңеске қатысу құқығы бар дауыс беру құқығына ие басқа да мүшелерден тұрады.

Басқарма жанындағы комитеттердің қызметі Қор комитеттері туралы ереже арқылы реттеледі.

ҚОР ҚЫЗМЕТІНЕ БАҚЫЛАУ ЖАСАУ

Ішкі аудит қызметі (одан әрі – ІАҚ) ішкі аудит пен Қор қызметіне бақылау жасауды ұйымдастырады және жүзеге асырады.

ІАҚ Қордың Директорлар кеңесіне есепті, оның миссиясы – Қордың стратегиялық мақсатына қол жеткізуге байланысты Директорлар кеңесі мен Қор Басқармасының жұмыстарына қажетті көмек көрсету.

ІАҚ қызметіне Қордың Директорлар кеңесі жанындағы Аудит жөніндегі комитет жетекшілік етеді. ІАҚ өз қызметін жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасының заңдарын, Қор органдарының шешімдерін, Жарғысын ІАҚ туралы ережені және Қордың басқа да ішкі нормативтік құжаттарын, сондай-ақ Ішкі аудит институтының кәсіби ішкі аудит тәжірибесінің халықаралық негіздерін басшылыққа алады.

2018 жылы 2017 жылдың 14 желтоқса-

нындағы Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен, (№83 хаттама) бекітілген ішкі аудит жоспарына (одан әрі – ІАЖ) сәйкес, ІАҚ-да ІАЖ белгіленген мерзімде 12 аудиторлық тапсырма толық көлемінде орындалды, оның ішінде тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін бағалау, ішкі бақылау жүйесінің, әкімшілік шығындардың жекелеген түрлері лимитінің мониторингін, қызметтің негізгі стратегиялық көрсеткіштеріне қол жетуді, Қор Басқармасы қызметінің негізгі көрсеткіштерін, қаржыны шартты орналастыру бағдарламасына сәйкес бизнес-процесті орналастыру аудитін, қазынашылық операциялар мен өтімділікті басқарудың бизнес-процесі аудитін, Алматы қаласындағы, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қызылорда облыстарындағы өңірлік филиалдардың аудитін тексерудің тиімділігін бағалау бар.

Қордың Директорлар кеңесінің және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тапсырмасы бойын-

ша «Ашылған жұмыс орындарының саны» ҚНҚ-ін жүзеге асыруды тексерудің және Е.Ж. Қыдырбаеваның шағымы бойынша екі жоспардан тысқары тексеріс өткізілді.

Жүргізілген аудиттік тапсырмалар нәтижесі бойынша аудит объектілері тәуекелдерді азайтуға, ішкі бақылау жүйесін жақсартуға, корпоративтік басқару мен тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған 139 кепілдеме қабылданды. Барлық берілген кепілдемелер бойынша аудит объектілері түзету немесе ескерту іс-шараларының жоспарын жасады.

ІАҚ-дағы тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің (ТБЖ), ішкі бақылау жүйесінің (ІБЖ) тиімділігін тексеру Қор Директорлар кеңесінің шешімі бекіткен сәйкес Әдістемелер негізінде жүргізілді. Жүргізілген бағалаулар нәтижесі бойынша мынадай сәйкес ұпай берілді: ТБЖ (85%), ІБЖ (83%).

ІАҚ-да тоқсан сайын ІАҚ-ның және ішкі аудиторлардың кепілдемелерін жүзеге асырудың мониторингі жүргізіледі. Мониторинг нәтижелері туралы ақпараттар аудит жөніндегі Комитет пен Қор Директорлар кеңесіне беріледі.

ІАҚ қызметкерлері ішкі аудит Стандарттары талаптарына сәйкес, COBIT5 «Қолданысқа енгізу және аудит» бойынша оқытылатын мамандандырылған практикұмдағы «Сыбайлас жемқорлық: қарсы әрекет және тексеру» тақырыбындағы біліктілікті жоғарлатуға қатысты емтихандар тапсырылды және қаржы сарапшылары инсти-

тутының (ІФА) (Ұлыбритания) ішкі аудит жөніндегі дипломдары берілді, емтихандар тапсырылды және «Қазақстанның кәсіби бухгалтері» сертификаттары берілді.

ІАҚ Қор Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген қызметтің негізгі көрсеткіштері негізінде өз қызметінің тиімділігінің ішкі бағалауын жүйелі түрде жүргізеді.

Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 31 мамырындағы шешімімен (хаттама №05/2018) бекітілген Ішкі аудитті қамтамасыз ету және сапасын арттыру бағдарламасына

сәйкес 2018 жылғы ішкі аудит қызметінің сапасына ішкі бағалау жүргізілді.

Бағалау нәтижелері бойынша Қордың ішкі аудит қызметінің Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарға, Қордың Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 30 мамырындағы шешімімен (хаттама №02/2018) бекітілген Ішкі аудит қызметі туралы ережеге, 2018 жылдың 31 мамырындағы Қордың ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі ережесіне (№05/2018 хаттама), директорлар Кеңесі 2011 жылдың 25 шілдесінде бекіткен шешімге (№28 хаттама) сәйкестігі расталды.



Ақтөбе облысы,
«Каспий Плюс» ЖШС.
Бекіту бұйымдарын
өндіру жобасы.
Компания «БЖК 2020»
аясында субсидиялау
және кепілдік беру
құралдары бойынша
қолдауға ие болды

СЫРТҚЫ АУДИТ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Жылдық қаржылық есептің нақтылығын тексеру және бекіту, тәуекелдерді басқару жүйесін және ішкі бақылауды бағалау үшін Қор конкурстық іріктеу негізінде кәсіби аудиторлық ұйымды (сыртқы аудитор) тартыды. Қаржылық есеп аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды тәртіп бойынша белгілеу тек қана Қордың Жалғыз акционерінің өкілеттілігіне жатады.

2018 жылғы қаржы есебінің аудитін «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС жүргізді. 2018 жылғы қаржылық аудит жөніндегі қызмет үшін «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-ға берілген төлем ҚҚС-ны қосқанда 10 640 мың теңге болды.

2018 жылы «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС мынадай жеке қызметтер көрсетті:

– қаржылық кеңес жөніндегі қызметтер. Қызметтің сыйақы көлемі ҚҚС-ны қосқанда 3 082 мың теңгені құрады.

Қаржылық есепке аудит жүргізген аудиторлық ұйымдардың бұрынғы қызметкерлері Қорға жұмысқа қабылданған жоқ.

КОРПОРАТИВТІ ЖАНЖАЛДАР МЕН МҮДДЕЛЕР ТАРТЫСЫН РЕТТЕУ САЯСАТЫ

Корпоративті жанжалдар мен мүдделер тартысын реттеу саясатының ережесіне сәйкес, Қордың барлық лауазымды тұлғалары мен жұмысшылары жеке мүддеден өз міндеттерін жүзеге асыруға әсер етуі мүмкін жағдайларға жол бермеуге тиісті. Қордың лауазымды тұлғасының немесе жұмысшысының жеке мүддесі олардың өз қызметін және атқарымды міндетін мүлтіксіз жүзеге асыруына әсер етпеуі керек.

Аталған Саясат арқылы корпоративті жанжалдар мен мүдделер тартысын сотқа дейін реттеудің тәртібі мен тәсілдері, сондай-ақ аталған процесс аясындағы Қор органдарының, жауапты тұлғаларының және қызметкерлерінің әрекеттері нақтыланды.

Басқарма мен Директорлар кеңесі дауларды реттеуге Қор мен Жалғыз акционердің

мүдделерін және заңдарды жетекшілікке ала отырып қатысады.

Комплаенс-Бақылаушы саясаттың ықпалына түскен адамдар шеңберін кеңейту саясатына, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелер мен комплаенс-бақылаушылар арасындағы функциялар бөлінісіне өзгерістер енгізуге бастамашы болды.

СЫЙАҚЫ САЯСАТЫ

Қазақстан Республикасының белгіленген заңдарына, Қордың Жарғысына, ішкі құжаттарына сәйкес, Қордың Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындаған кезінде сыйақы төленеді немесе Директорлар кеңесі мүшелерінің өз қызметтерін атқарған кездегі шығындарының орыны толтырылады.

Жалғыз акционердің өкілі болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма төрағасы (Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі болған жағдайда) Директорлар кеңесінің жұмысына қатысқаны үшін сыйақы алмайды.

Қордың Директорлар кеңесінің мүшесіне берілетін сыйақының мынадай түрлері белгіленуі мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесінің мүшесі болғаны үшін бекітілген жылдық сыйақы;
- 2) Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы болған кездегі жылдық бекітілген сыйақы;
- 3) Директорлар кеңесі комитетінің жұмысына директорлар кеңесі комитетінің мүшесі болып қатысқаны үшін бекітілген жылдық сыйақы.

Қордың Директорлар кеңесінің мү-

шесінің сыйақы көлемі белгіленгенде Қордың Директорлар кеңесі мүшесінің міндеті, Қордың қызмет аясы, Даму стратегиясын нақтылайтын ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер, Қордың Директорлар кеңесі қарастыратын мәселелердің күрделілігі, жеке сектордың (бенчмаркинг, сыйақы шолуы) баламалы компанияларындағы сыйақы деңгейі ескеріледі.

2018 жылы Қордың Директорлар кеңесі мүшелеріне төленген (оның ішінде тәуелсіз директорларға) сыйақы мөлшері 13 853 125 теңге болды.

Директорлар кеңесі мүшесінің (оның ішінде тәуелсіз директор) Т.А.Ә.	Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысы туралы ақпараттар	Барлық іс жүзіндегі сыйақ	Оның ішінде (сыйақы құрылымы)			
			Жұмысы үшін Директорлар кеңесіндегісі	Комитеттегі жұмысы үшін		Төленген сыйақы
			Комитет төрағасы есебіндегі	Комитет мүшесі есебіндегісі		
Жандосов Ораз Әлиұлы	Стратегиялық және бюджетті жоспарлау жөніндегі комитеттің төрағасы, тағайындаулар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі	4 225 636	3 694 543	346 364	184 726	3 431 250
Ертілесова Жаннат Жұрғалиқызы	Аудит жөніндегі комитеттің төрайымы	1 215 278	1 111 111	104 167	0	1 093 750
Бисекеев Серікбай Жолдыбайұлы	Тағайындаулар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің төрағасы, аудит жөніндегі комитеттің мүшесі, стратегиялық және бюджетті жоспарлау комитетінің мүшесі	2 652 778	2 222 222	208 334	222 222	2 387 500
Бахмутова Елена Леонидовна	Тағайындаулар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің және стратегиялық және бюджеттік жоспарлау комитетінің төрайымы, аудит жөніндегі комитеттің мүшесі	2 199 806	1 845 856	230 952	122 998	1 787 500
Елемесов Асқар Раушанұлы	Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы, тағайындаулар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі, стратегиялық және бюджеттің жоспарлау комитетінің мүшесі	3 604 494	3 072 458	403 509	128 528	2 928 125
Мұхамеджанов Бектас Гафурұлы	Аудит жөніндегі Комитеттің мүшесі, тағайындаулар, сыйақы мен әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі, стратегиялық және бюджеттік жоспарлау комитетінің мүшесі	2 739 930	2 462 851	0	277 079	2 225 000
БАРЛЫҒЫ		16 637 921	14 409 040	1 293 326	935 553	13 853 125

Қордың жетекші қызметкерлерінің жалақы төлеу, қызметін бағалау мен сыйақы ережесі мынандай сыйақы жүйесінің принциптерін қарастырады:

- Қор мен оның Жалғыз акционерінің мүдделеріне жауап беретін мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру сыйақысының өзара байланысы;
- сыйақы көлемін нақтылау принциптерінің қарапайымдылығы мен әділеттілігі;

терінің қарапайымдылығы мен әділеттілігі; – Қор қызметі мен жетекші қызметкерлердің жеке жетістігінің нәтижелеріне байланысты сыйақы көлемі.

Жетекші қызметкерлердің қызметін бағалау үшін жұмыста жоғарыда көрсетілген принциптердің максималды пайдалануын қамтамасыз ететін және жоспарлау мен мақсат

белгілеудің тиімділігі, Қор басқармасының әр мүшесінің жеке нәтижелігін әділетті бағалау арқылы Қордың қаржылық-өнеркәсіптік қызметінің тиімділігін арттыруға ықпалдасатын қызмет тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің жүйесі қолданылады. Аталған факторлар жетекші қызметкерлердің корпоративтік және жеке ҚНҚ қол жеткізу деңгейін айтарлықтай арттырады.



Павлодар облысы, «Стекломир» ЖШС. Шыны өңдейтін жаңа цехтарды салу және жаңғырту жобасы. Компания «БЖК-2020» аясында субсидиялау және кепілдік беру құралдары бойынша қолдауға ие болды.



Солтүстік Қазақстан облысы, «РиМ-КазАгро» ЖШС. Тез дайындалатын өнімдерді өндіру жобасы. Компания «БЖК 2020» аясында субсидиялау құралы бойынша қолдауға ие болды

8 ҚОРДЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУУЫ



ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ

Адам ресурстарын басқару саясаты

Қордағы адам ресурстарын басқару саясаты мынадай стратегиялық бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- адам ресурстарын басқарудың бірыңғай үлгісінің қалыптастырылуы;
- еңбек өнімділігін арттыру саясаты;
- адам капиталының сапасын арттыру саясаты;
- корпоративтік мәдениетті дамыту.

ПЕРСОНАЛДЫҢ САНЫ МЕН ҚҰРАМЫ

2018 жылдың 31 желтоқсанындағы Қор жұмысшыларының штаттық саны 371 адамды құрады. Соңғы үш жылда Қордағы штат саны өзгерген жоқ.

ПЕРСОНАЛДЫҢ ҚҰРАМЫ, АДАМ

Көрсеткіштің атауы	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Топ-менеджмент	7	7	6
– оның ішінде әйелдер	1	1	1
Құрылымдық бөлімшелер мен өңірлік филиалдардың жетекшілері	36	41	40
– оның ішінде әйелдер	14	13	15
Әкімшілік қызметкерлері	328	323	325
– оның ішінде әйелдер	171	155	178
Барлығы	371	371	371
– оның ішінде әйелдер	186	169	193

ЕСЕПТІ
ЖЫЛДА ҚОРДЫҢ

311

ҚЫЗМЕТКЕРІ
ОҚУДАН ӨТТІ

ПЕРСОНАЛДЫҢ ЖҰМЫСТАН КЕТУІ

2018 жылы персоналдың жалпы жұмыстан кетуі жоспардағы 20%-тің орнына 16,4%-ті құрады. 2018 жылы Қордағы ашық бос орын саны 159 болды, оның 135-і – әкімшілік қызметкерлерге және 24 бос орын басқарушылық және жетекшілік қызметтерге тиесілі. Әкімшілік қызметке сұранымның 35,1%-ін ішкі кандидаттар арқылы, 64,9%-і сыртқы кандидаттар арқылы жабылды. Басқарушылық және жетекші қызметтер бос орнының 62,5%-і Қордың Кадр резерві құрамында тұратын ішкі кандидаттар арқылы, 37,5%-і сыртқы кандидаттар арқылы жабылды. (10-кесте)


ОҚЫТУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

Өз қызметтік міндеттерін жүзеге асырудағы және Қордың Даму стратегиясына сәйкес міндеттерді шешудегі қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту қосымша теориялық және өзінің қызметтік міндеттері нақтыланған шешімдерді тиімді жүзеге асыруға қажетті практикалық білім, шеберлік, өкілеттік және машықты игеру мақсатында жүзеге асырылады.

Аталған міндетті жүзеге асыру мақсатында Қордың кадр саясаты жөніндегі комитетінің шешімімен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қызметкерлерін оқытудың жоспары бекітілді (2018 жылғы 17 қаңтардағы №07/2018 хаттама). Есепті жылда Қордың 311 қызметкері 66 оқыту шарасында 632 рет дәріс алды. Кейбір қызметкерлер жыл бойы бірнеше мәрте, оның ішінде корпоративтік форматта оқытылды. Жылдық жоспар аясындағы дәрістер қызметкерлердің іскерлік, жеке және кәсіби өкілеттілігін дамытуға бағытталды.

10-кесте

«ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ
ҚОРЫ» АҚ-ДАҒЫ 2016-2018 жж.
ПЕРСОНАЛДЫҢ ЖҰМЫСТАН КЕТУ
ДЕҢГЕЙІ, %



КАДР РЕЗЕРВИ

Қордың кадр әлеуетін қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмыстар 2018 жылы жалғасын тапты. 2018 жылы Қордың Кадр Резервіне 29 адам қосылды. Осы кезеңде 14 адамның қызметі өсіп, 12 адам жетекші қызметтерге көтерілді.

Қор резервтегілерді дамытуға (оқыту, қызметтік өсу) бағытталған жұмыстарды белсенді жүргізеді. Атап айтқанда, олар үшін жеке даму жоспары қалыптастырылады.

Кадр резервінің құрамында болған кезде резервтегілер кәсіби және жеке өкілеттіліктерін дамытуға ықпалдасатын шараларға жіберіледі. Сондай-ақ, резервтегілердің Қордың Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларымен, Қордың Басқарма төрағасымен және Қордың Басқарма мүшелерімен бизнес-кездесуін өткізу жөніндегі жұмыстар да жалғастырылды.

КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТТІ ДАМУ

Корпоративтік мәдениетті дамыту – тиімділігі жоғары ұйым құрудың маңызды элементі және ол компанияның стратегиялық мақсаттарына жету үшін қажет, соған байланысты жыл сайын жұмысқа тартылу дәрежесін талдау мақсатында персоналға сұрау салынады, Қордың Басқармасы жанындағы Кадр саясаты жөніндегі комитетпен жұмыс топтарының іскерлік кездесулері, отырыстары жүйелі түрде өткізіледі.

2018 жылдың нәтижесі бойынша 2017 жылмен салыстырғанда Қор қызметкерлерінің жұмысқа тартылу деңгейі мен оған қанағаттануы өзгеріссіз 75% мөлшерінде қалды.

2018 жылы Қорда корпоративтік мәдениетті нығайтуға ықпалын тигізетін бірнеше шара өткізілді. Атап айтқанда, Қордың корпоративтік мәдениетінің өтпелі түрлері зерттеліп, қажетті түрі нақтыланды және 2019–



2020 жылдардағы қажетті корпоративтік мәдениет үлгісін жүзеге асыру жөніндегі action жоспары жасалынды.

Оған қоса тимбилдингтер, тренингтер жүйелі түрде өткізіледі; Қор қызметкерлерінің жұмысы, сондай-ақ ресми емес мәселелер жөніндегі ішкі өзара байланысы үшін интранет - корпоративтік сайты іске қосылды.

УӘЖДЕМЕ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ

Қордағы еңбек өнімділігін арттыру саясаты Қордың стратегиялық мақсаттарын, стратегиясы мен бизнес-жоспарларын еңбекті бағалау саясатымен, уәждемемен және жұмысшыларды ынталандырудағы Қордың бизнес-жоспарларын байланыстыру мақсатында жүргізіледі.

Барлық жұмысшылар Қордың стратегиялық міндеттерінен туындайтын мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге бейімдендірілген. Қызметтердің тиімділігін бағалау нақты міндеттерді жүзеге асыруға байланысты, әрі ол қызметкерлер жұмысы тиімділігінің негізгі көрсеткіштерімен дәлелденеді, соған байланысты Қорда тоқсан сайын әкімшілік қызметкерлердің қызметіне баға беріліп, оның негізінде жұмысшылардың өз жұмысына сәйкестігі және мақсаттарға қол жет-

кізудің деңгейі нақтыланады. 2018 жылы әр қызметтің үлесін бағалау және оның бүкіл Қор жұмысындағы маңызын бағамдау негізіндегі грейдтер жүйесін бекіту жөніндегі жұмыстар жүргізіліп, жұмысшылар үшін енгізілген жүйеге сәйкес қызметтік жалақы мөлшері белгіленді.

Қор жұмысшылары Қор бюджетінде қарастырылған қаржы есебінен жыл сайын медициналық сақтандырумен қамтамасыз етіледі. Оған қоса Қор жұмысшыларына жыл сайынғы еңбек демалысын алғанда екі қызметтік жалақы көлемінде материалдық көмек, некеге отыруына, нәрестелі болуына байланысты материалдық көмек көрсетіледі, сондай-ақ отбасы мүшесі қайтыс болуына байланысты да материалдық көмек беріледі.

Сондай-ақ, жүктілігіне және босануына байланысты кірісінің азаюына орай, әлеуметтік төлем мөлшері ескеріліп, жүкті болған және босанған әйелдерге орташа жалақысы сақталып, ақысы төленетін демалыс беріледі.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

Қор жұмысшылардың қауіпсіздігін арттыру және еңбек қауіпсіздігі мәдениетін енгізу бойынша жүйелі жұмыстар жүргізуге мұдделі.

Қор еңбекті қорғау, өнеркәсіптегі және өрт қауіпсіздігі салаларындағы Қазақстан Республикасының заңдарын қадағалайды, сондай-ақ апатсыз жұмысты арттыру бойынша қосымша іс-шараларды қолданысқа енгізеді.

Қор жұмысшылары Қордың Кеңсе қызметкерлерінің еңбегін қорғау жөніндегі нұсқауды басшылыққа алады. Нұсқаудың талаптарын сақтау Қор қызметкерлерінің жұмыс процесі, Қор кеңсесіндегі, қызметтік іссапардағы, сондай-ақ төтенше және апатты жағдайлардағы атқаратын барлық салада талап етіледі.

КОРПОРАТИВТІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қор мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып ұзақ мерзімді тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін өзінің экономикаға, экология мен қоғамға тигізер ықпалының маңыздылығын біледі. Мүдделі тараптардың жауапкершілік, ойластырылған және тиімді өзара әрекеттестік көзқарастары Қордың тұрақты дамуына әсерін тигізетін болады. 2018 жылы Қор басқармасы 2018 жылдың 25 қаңтарында (хаттама №05/2018) бекіткен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясатының талаптарын қадағалады. Холдинг 2018 жылдың желтоқсанында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасы 2018 жылдың 28 қарашасындағы шешімімен бекіткен (хаттама №52/18) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Тұрақты даму саясатын қолданысқа енгізді, соған сәйкес Қордағы тұрақты даму мәселелерін басқару жүйесін жақсарту жоспарлануда.

Қор ұзақ мерзімді тұрақты дамуы үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының келісімділігін қамтамасыз етеді.

Қордағы тұрақты дамудың мынадай 3 (үш) құрамдас бөлігі бар:

- 1) экономикалық құрамдас бөлігі Қордың қызметін рентабельділікке, Жалғыз акционер мен инвесторлар мүдделерін қамтамасыз етуге, процестердің тиімділігін арттыруға, анағұрлым жетілдірілген технологияларды құруға және дамытуға қажетті инвестициялардың өсуіне, еңбек өнімділігінің артуына бағыттайды;
- 2) экологиялық құрамдас бөлігі биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге тигізетін әсерді азайтуға, шектеулі ресурстарды тиімді пайдалануға, экологиялық, қуат және материалдарды үнемдеу технологиясына ықпалдасады;
- 3) әлеуметтік құрамдас бөлігі әлеуметтік жауапкершілік принциптеріне бағыт-

талған, оның ішінде еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау, сыйақының әділетті берілуі және қызметкерлердің құқықтарының сақталуы, персоналдың жеке дамуы, персоналға арналған әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру, жаңа жұмыс орындарын құру, демеушілік және мейірімділік, экологиялық және білім беру акцияларын қамтиды.

Қордың тұрақты даму саласындағы қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның 2018–2019 жылдардағы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін нығайту жөніндегі іс-шаралардың жоспары әзірленіп бекітілді, онда 32 іс-шара қарастырылған. Оған қоса жыл сайын тұрақты дамудың үш құрамдас бөлігінің аясындағы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласының тиімділігін бағалаудың мақсаты көрсеткіштерінің шамасы бекітіледі.

2018 ЖЫЛЫ КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК САЛАСЫНДА ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕН НӘТИЖЕЛЕР

КӘЖ саласындағы бағыттар	Көрсеткіштер	2018 жылғы мақсатты көрсеткіштер	Орындалуы
Экономикалық көрсеткіштер	Қор бюджетіндегі демеушілік/мейірімділік көмек үшін қарастырылған қаржының көлемі	2018 жылдың бюджетінде «Демеушілік көмек көрсету» бабы бойынша 10 млн теңге қарастырылған	2018 жылы «Демеушілік көмек көрсету» бабы бойынша 5 млн теңге көлеміндегі қаржы Бюджеттің басқа баптарына қайта бөлінді
	Қор демеушілік көмек және сыртқы мүдделі тараптарға мейірімділік көмек көрсету үшін шығындаған жалпы қаржының мөлшері	2018 жылы демеушілік және сыртқы мүдделі тараптарға мейірімділік көмек көрсетуге жоспарланған қаржы 10 млн теңге болды	2018 жылдың желтоқсанында 2018 жылдың 29 желтоқсанындағы демеушілік көрсету туралы №236 келісімшартқа сәйкес альпинизм мен спорттық жартасқа өрмелеу федерациясына 5,0 млн теңге көлемінде қаржы бөлінді

КӘЖ саласындағы бағыттар	Көрсеткіштер	2018 жылғы мақсатты көрсеткіштер	Орындалуы
Экономикалық көрсеткіштер	Қашықтықтан оқытудан өткен кәсіпкерлер мен кәсіпкерлік бастамасын көтерген тұрғындардың саны	Ең кемі 500 адам	2018 жылғы оқудан өткізілген жұмыс істейтін кәсіпкерлердің саны: 1. Қаржыгерлерге емес қаржы (Қаз.) – 21 2. Қаржыгерлерге емес қаржы – 462 3. Сатылымдарды өсіру жүйесі – 527 4. Сатылымдарды өсіру жүйесі (Қаз.) – 31 5. Тиімді маркетинг қызметі – 229 6. Тиімді маркетинг қызметі (Қаз.) – 7 7. Қызметкерлерді уәждемелеу – 304 8. Қызметкерлерді уәждемелеу (Қаз.) – 3 Барлығы: 1584 2018 жылдың өткен кезеңіндегі жаңадан бастаған кәсіпкерлерге арналған оқудан өткендердің саны: 1. Ісін жаңа бастаған кәсіпкер – 4583 2. Ісін жаңа бастаған кәсіпкер (Қаз.) – 1052 Барлығы: 5635
	2015–2018 жылдардағы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның «Даму – Көмек» жобасы бойынша Кәсіпкерлік өкілеттілігін көтерудің бірыңғай бағдарламасы аясында қолдау алған мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлердің саны	1) Жыл сайын демеушілік көмек көрсету бойынша ең кемі 300 өтінім орналастыру 2) Жыл сайын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін ең кемі 150 мүгедек кәсіпкерге қаржылық емес материалдық-мүліктік қолдау ұсыну	2019 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 2559 өтінім орналастырылып, оның – 2148-іне көмек көрсетілді
Персоналмен жұмыс жөніндегі көрсеткіштер	Персоналды тарту деңгейі	75%	75%
	Қор аясында тәжірибеден немесе тағылымдамадан өткен жас мамандардың саны	40 адам	40 адам
	Оқудан өткізілген Қор жұмысшыларының саны	220 жұмысшы	311 жұмысшы
	Қор омбудсменіне Іскерлік этика кодексінің орындалмауы мәселесі бойынша жүгінген жұмысшылардың саны	0	0
Экология саласындағы көрсеткіштер	Осының алдындағы жылдармен салыстырғандағы Қордың қуат ресурстарын пайдалануының төмендетілген деңгейі	2017 жылмен салыстырғандағы электр қуатын тұтыну деңгейінің 10% төмендеуі	2018 жылдың 01 қаңтарына дейінгі 2018 жылдың деректері: электр қуатын тұтыну деңгейінің төмендеуі 23,24% болды. Алдын ала көрсеткіш жұмсалған электр қуатының (кВтч/кВт) көлемінен және ұсынылған құжаттардан алынды

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

2018 жылдың маусымында кәсіпкерліктің кейбір бағдарламаларына қатысушы болып табылатын кәсіпкерлердің бизнес-жобаларын жүзеге асыру процесіндегі қоршаған ортаға тигізетін мөлшерден артық залалдың алдын алу және азайту, сондай-ақ Қордың Экологиялық саясатында қарастырылған экологиялық менеджментті құру мақсатында жұмысшылар үшін Қордың Өңірлік филиалдары (одан әрі – ӨФ) бойынша ЕДБ, Азия Даму Банкі өкілдерімен ортақ экологиялық қорғаныс іс-шаралары бойынша тренинг өткізілді.

Тренингтің мақсаты – ӨФ мониторингі бойынша менеджерлерді Азия Даму Банкінің мынадай қорғаныс іс-шаралары саясатының негізгі принциптері бойынша оқыту болды:

1) жобалардың қоршаған орта мен адамдарға жағымсыз әсерінің алдын алуға/құтылуға ықпалдасатын тәсілдерді үйрену;
2) алдын алу мүмкін болмайтын жағдайда жобалардың қоршаған ортаға тигізер жағымсыз әсерін азайту, жұмсарту немесе орынын толтыру;

3) борышкерлерге экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару үшін қолда бар қорғаныс іс-шараларын күшейту және әлеуетті дамыту бойынша көмек көрсету.

Қарастыруға және зерттеуге жүзеге асырылған жағдайда адам денсаулығына немесе экологияға зиян келтіретін жобалар бойынша тыйым салынған инвестициялық қызметтер тізімі ұсынылды. Сондай-ақ мөлшерлі оқыту мен қызметтің тыйым салынған түрлерін анықтау, экологиялық

тәуекелдер (А, В және С) категорияларын беру үшін бөлінген қаржыны мақсатты түрде пайдалану, жобаларды қаржыландыру тексерілді, Азия Даму Банкінің тәжірибесінің үлгілері көрсетілді.

2019 жылы Қазақстан Республикасындағы «жасыл» экономиканы дамыту үшін Азия Даму Банкінің әлеуетті несиесі аясында Франкфурт Қаржы және Менеджмент мектебі кеңес берушілерінің оқытуын ұйымдастыру жоспарлануда. 2019 жылдың 29 сәуірінде Франкфурт Қаржы және Менеджмент мектебі кеңес берушілерінің бірінші кездесуі өткізіліп, оның аясында «жасыл» қаржыландыру принципін оқыту құрылымы белгіленді және Қор мен қатысушы қаржы институттарының қажеттіліктері анықталды.

МЕЙІРІМДІЛІК

2018 жылы Ұлы Отан соғысы мен тыл ардагерлеріне мейірімділік көмек көрсету үшін еркін түрде қаржы жинау ұйымдастырылып, ол көмек Алматы қаласының ардагерлеріне берілді.



Қостанай облысы,
«ЛИДЕР-2010» ЖШС
Сүтті қайта өңдеу бойынша
жаңа заманауи зауыт
құрылысының жобасы
Компания «БЖК-2020» аясында
субсидиялау құралы бойынша
қолдауға ие болды

9 ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫ ЕСЕБІ



ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

(Мың қазақстандық теңге)	2018 жылдың 31 желтоқсанында	2017 жылдың 31 желтоқсанында
АКТИВТЕР		
Қаржы және олардың баламалары	37,953,674	44,074,930
Кіріс немесе шығыс арқылы нақты құны бағаланатын құнды қағаздар	-	2,659,323
Қаржы мекемелеріндегі қаржы	229,558,581	225,578,278
Субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек	29,337	34,550
Клиенттердің несиесі және алдын ала алған қаржысы	606,308	3,324,539
Сатуға қойылған инвестициялық құнды қағаздар	-	567,017
Берешек құнды қағаздардағы инвестициялар	7,100,689	-
Негізгі қаржы	2,279,485	2,497,187
Материалдық емес активтер	228,155	292,674
Кіріс салығы бойынша ағымдағы міндеттемелердің алдын ала төлемі	11,290,109	13,721,713
Сатуға қойылған ұзақ мерзімді активтер	396,747	1,360,967
Басқа да активтер	14,678,723	25,801,698
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР	304,121,808	319,912,876
МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Несие қаржысы	201,309,973	203,002,903
Шығарылған берешек құнды қағаздары	16,057,484	-
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	4,974,063	3,177,338
Кейінге ысырылған салық міндеттемелері	1,279,281	6,065,416
Алдағы кезеңнің кірістері және несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервтер	6,914,341	5,263,531
Басқа да міндеттемелер	1,066,188	1,255,534
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕ	231,601,330	218,764,722
КАПИТАЛ		
Акционерлік капитал	72,920,273	72,920,273
Қосымша төленген капитал	834,527	834,527
Сатуға қойылған инвестициялық құнды қағаздарды қайта бағалау қоры	-	70,337
Басқа да қосымша кірістер арқылы дұрыс баға бойынша бағаланатын инвестициялық құнды қағаздарды қайта бағалау қоры	222,476	-
Басқа резервтер	316,430	316,430
Бөлінбеген (шығын) / кіріс	(1,773,228)	27,006,587
БАРЛЫҚ КАПИТАЛ	72,520,478	101,148,154
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ	304,121,808	319,912,876

КІРІСТЕР НЕМЕСЕ ШЫҒЫСТАР ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ КІРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

(Мың қазақстандық теңге)	2018	2017
Тиімді пайыздық мөлшерлеме тәсілі бойынша есептелген пайыздық кірістер	24,613,727	34,796,892
Басқа да баламалы кірістер	140,937	-
Пайыздық шығындар	(8,363,634)	(7,629,888)
Таза пайыздық кірістер	16,391,030	27,167,004
Клиенттердің несие шығыны мен клиенттердің авансы және қаржы мекемелерінің қаржысы жөніндегі баға резерві	(18,936,130)	
Құнсызданған несие портфелі бойынша резерв құрылғаннан кейінгі таза пайыздық кірістер	(2,545,100)	20,284,592
Комиссиялық кірістер	3,934,347	4,158,138
Қаржылық өндірістік тәсілдер қолданылған операциялардың шығыны есепке алынғаннан кейінгі кірістер	5,941,231	(12,492,609)
Кірістер немесе шығыстар арқылы әділетті түрде бағаланған берешек құнды қағаздардың шығыны есептелгеннен кейінгі кірістер	65,958	292,507
Шетелдік валютаға қатысты операциялар шығыны есептелгеннен кейінгі кірістер	-	17,032
Шетелдік валютаны қайта бағалаудың кірісі есептелгеннен кейінгі шығындар	(7,671,877)	2,140,311
Нарық деңгейінен төменгі мөлшерлемелердің қаржылық тәсілдері бастапқы мойындалғаннан кейінгі шығындар	(4,443,157)	(4,278,421)
Басқа да жиынтық кірістер арқылы әділетті бағалаудан кейінгі берешек құнды қағаздарының құнсыздануы	(86,806)	-
Басқа да активтер құнсызданғаннан кейінгі резервтердің қалпына келтірілуі/ (резервке қосылуы)	6,042	(34,850)
(Резервке қосылуы)/ Міндетті несие сипатындағы резервтің қалпына келтірілуі	(243,942)	207,212
Өтелуге дейін ұсталған инвестициялық құнды қағаздардың құнсыздануынан кейінгі резервтің қалпына келтірілуі	-	183,337
Басқа да операциялық (шығындар) / кірістер	(289,272)	40,818
Қор бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша шығындар	(872,451)	(904,953)
Жалпы және әкімшілік шығындар	(4,339,827)	(4,406,877)
Салық салынғанға дейінгі кіріс	(10,544,854)	5,206,237
Кіріс салығы бойынша шығындар	(1,385,618)	(1,093,393)
БІР ЖЫЛДАҒЫ (ШЫҒЫН) / КІРІС	(11,930,472)	4,112,844
Басқа да жиынтық кірістер:		
Соңынан кірістердің немесе шығыстардың құрамына қайта классификациялануы мүмкін баптар:		
Сатылатын мынадай заттары бар инвестициялар:		
- Жылдық шығын есептелгеннен кейінгі кірістер	-	8,749
Басқа да жиынтық шығындар арқылы әділетті бағалаудан үлесті құнды қағаздардың инвестициялары:		
- Жылдық шығын есептелгеннен кейінгі кірістер	152,139	-
Бір жылдағы басқа да жиынтық кірістер	152,139	8,749
БАРЛЫҒЫ БІР ЖЫЛДЫҚ ЖИЫНТЫҚ (ШЫҒЫН) / КІРІС	(11,778,333)	4,121,593

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

(Мың қазақстандық теңге)	Акционерлік капитал	Қосымша төлем жасалынған капитал	Сатуға қойылған инвестициялық құнды қағаздарды қайта бағалау қоры	Басқа да жиынтық кірістер арқылы әділетті түрде бағаланған құнды қағаздарды қайта бағалау қоры	Басқа да резервтер	Бөлінбеген (шығын) / кіріс	Барлығы
2017 жылдың 1 қаңтарындағы қалдық	72,920,273	834,527	61,588	-	316,430	24,571,961	98,704,779
Бір жылдағы кіріс	-	-	-	-	-	4,112,844	4,112,844
Басқа да жиынтық кіріс	-	-	8,749	-	-	-	8,749
Барлығы бір жылдық жиынтық кіріс	-	-	8,749	-	-	4,112,844	4,121,593
Төленген дивидендтер	-	-	-	-	-	(1,678,218)	(1,678,218)
2017 жылдың 31 желтоқсанындағы қалдық	72,920,273	834,527	70,337	-	316,430	27,006,587	101,148,154
Кіретін балансқа ауысу	-	-	70,337	70,337	-	-	-
МСФО-ны (IFRS) 9 бірінші қолдану барысындағы өзгерістер	-	-	-	-	-	(3,760,633)	(3,760,633)
2018 жылдың 1 қаңтарындағы қайта есептелген қалдық	72,920,273	834,527	-	70,337	-	23,245,954	97,387,521
Бір жылғы шығын	-	-	-	-	-	(11,930,472)	(11,930,472)
Басқа да жиынтық кіріс	-	-	-	152,139	-	-	152,139
Барлығы бір жылдық жиынтық кіріс	-	-	-	152,139	-	(11,930,472)	11,778,333
Төленген дивидендтер	-	-	-	-	-	(1,234,153)	(1,234,153)
Құнды қағаздар бойынша дисконт	-	-	-	-	-	(5,904,111)	(5,904,111)
Несие бойынша резерв	-	-	-	-	-	(5,950,446)	(5,950,446)
2018 жылдың 31 желтоқсанындағы қалдық	72,920,273	834,527	-	222,476	316,430	(1,773,228)	72,520,478

ҚАРЖЫ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

(Мың қазақстандық теңге)	2018	2017
Операциялық қызметтен түскен қаржы:		
Алынған пайыздар	16,428,247	18,557,813
Төленген пайыздар	(4,481,586)	(3,383,249)
Алынғандарының комиссиялары	5,203,483	3,941,384
Төленгендерінің комиссиялары	-	-
Басқа да операциялық қызметтерден түскені	133,547	894,000
Жалақы төлеудің шығындары, төленгендері	(2,008,740)	(1,876,279)
Жалпы және әкімшілік шығындар, төленгендері	(5,261,281)	(4,012,811)
Операциялық активтер мен міндеттемелерден кейінгі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтерден түскен қаржы	10,013,670	14,120,858
Таза төмендеу/(өсу) бойынша:		
– өзгерісі кірістердің немесе шығыстардың құрамында байқалатын, әділ баға бойынша бағаланатын құнды қағаздар бойынша	-	3,808,000
– қаржы мекемелеріндегі қаржы бойынша	(12,252,595)	6,854,215
– клиенттердің несиесі мен авансы бойынша	6,345,360	8,618,886
– басқа активтер бойынша	(367,602)	(2,820,108)
Таза (төмендеу)/өсу бойынша:		
– бағдарламалық субсидиялау міндеттемелері		
– басқа да қаржылық міндеттемелер	2,257,434	(10,531,427)
– басқа міндеттемелер	60,255	(154,785)
Операциялық қызметтен алынған/(пайдаланылған) таза қаржы	6,056,522	19,895,639
Инвестициялық қызметтен түскен қаржы		
Инвестициялық құнды қағаздар сатып алу	(33,011,630)	-
Инвестициялық құнды қағаздардың шығарылуынан түскен кіріс	737,444	-
Негізгі қаржының алынуы	(46,091)	(64,372)
Материалдық емес активтердің алынуы	(45,511)	(97,363)
Негізгі қаржының шығуынан түскен ақша	229,539	1,499
Инвестициялық қызметтен түскен (пайдаланудан)/таза қаржы	(32,136,249)	(160,236)
Қаржылық қызметтен түскен ақша		
Алынған несие қаржысы	40,855,659	28,969,693
Несие қаржысының өтелуі	(55,374,984)	(51,909,898)
Еркін қаржы құралдары операциясынан түскені	19,582,304	4,702,293
Шығарылған берешек құнды қағаздардың түсімі	15,995,520	-
Төленген дивидендтер	(1,234,153)	(1,678,218)

Қаржылық қызметке пайдаланылған таза ақша	19,824,346	(19,916,130)
Валюта бағамының ақша мен оның баламаларының өзгеруіне әсері	134,125	228,643
Қаржының және оның баламаларының таза өсімі	(6,121,256)	47,916
Кезең басталғанға дейінгі қаржы және оның баламалары	44,074,930	44,027,014
Кезең соңындағы қаржы және оның баламалары	37,953,674	44,074,930

БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

Жалпы ортақ бақылаудағы немесе біреуінің екіншісін бақылау мүмкіндігі бар болғанда немесе біреуі қарсы тараптың қаржылық және операциялық шешімдер қабылдауына әсер ете алатын жағдайда тараптар өзара байланысты саналады. Барлық өзара байланысты тараптардың қарым-қатынасын қарастырғанда тек қана олардың заңды формасы емес, сондай-ақ өзара байланыстардың экономикалық мазмұны да назарға алынады.

Төменде өзара байланысты тараптардың операциялары бойынша 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы қалдықтары көрсетілген:

(Мың қазақстандық теңге)	Жалғыз акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Қауымдасқан компаниялар	Басқа да байланысты тараптар
Қаржы мен олардың баламалары	-	56,250	-	16,907,264
Кірістер немесе шығыстар арқылы әділетті түрде бағаланған инвестициялық берешек құнды қағаздар	-	-	-	948,880
Қаржы мекемелеріндегі ақша	-	-	-	14,934,368
Кіріс салығы бойынша ағымдағы міндеттемелердің артық төлемі	-	-	-	11,290,109
Басқа да қаржылық активтер	-	-	-	5,187
Басқа да активтер	-	-	-	23,403
Несие қаржысы	76,392,378	-	-	69,385,576
Шығарылған берешек құнды қағаздар	-	16,057,484	-	-
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	-	-	-	2,131,878
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	-	-	-	1,279,281
Басқа да міндеттемелер	-	4,384	-	696,903
Жылдың соңындағы жағдайға сәйкес Қор шығарған кепілдемелер	-	-	-	732,974

1 ҚОСЫМША

ҚОР 2018 ЖЫЛЫ ЖАСАСҚАН МҮДДЕЛІ
ЖӘНЕ ІРІ МӘМІЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мүдделі мәмілелер жасасу туралы ақпарат:

№ Шарт бойынша контрагенттің атауы	Мәміле жасасу туралы шешім қабылдаған Қордың өкілетті органының шешімінің күні мен нөмірі	Қысқаша ақпарат
1 INTELFOOD (ИНТЕЛФУД)» ЖК (2 мәміле)	Қор Директорлар кеңесінің 27.04.2018 ж. (хаттама №84) шешімі	Кепілдік шарттарына қол қою
2 «ОМІЕХ Kazakhstan» ЖШС /«KazMotor» ЖШС		
3 «AnsauGroup» ЖШС		
4 ЖК Жансұлтанов Ермек Жұманұлы		
5 БК «РегионСтрой» (2 мәміле)		«Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасын жүзеге асыру
6 «Хиба-Наз» (2 мәміле)		
7 «Пасифик групп»		
8 «Азия Строй KZ» (4 мәміле)		
9 «БК-Строй» (7 мәміле)		
10 «Интегрострой» (2 мәміле)		
11 «Лизинг Групп» АҚ	Қор Директорлар кеңесінің көзбе-көз отырысы шешімінің үзінді көшірмесі №03/2018 ж. 27.04.2018 ж.	«Лизинг Групп» АҚ-мен мәміле шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің лизингтік байланыстарын қаржыландыру бағдарламасы аясында жүзеге асырылды.
12 «Шыңғыс-Сервис Трейд» ЖШС	Қор Несие комитетінің №4556 11.05.18 ж. хаттамасының үзінді көшірмесі, Қор Басқармасы №64/2018 22.05.18 ж. хаттамасының үзінді көшірмесі, Қор Директорлар кеңесінің №07/2018 29.06.18 ж. хаттамасының үзінді көшірмесі	Қор, «Цеснабанк» АҚ және «Шыңғыс-Сервис Трейд» ЖШС арасындағы кепілдеме беру шарты мынандай шарттармен жасалынды: Кепілдік құны – 26 315 790 теңге (Несие мөлшерінің 44%-і), Кепілдік мерзімі – 36 ай, бірақ несие шартының мерзімінен аспауы керек
13 «Байтерек девелопмент» АҚ	Қор Директорлар кеңесінің көзбе-көз отырысы №08/2018 03.09.2018ж. шешімінің үзінді көшірмесі (№8 мәселе)	Астана қаласында Мемлекеттік органдармен өзара әрекет ету департаментін орналастыру үшін. Жалға алынған ғимараттың мекенжайы: Астана қ., Мәңгілік Ел к-сі, 55А, «Бәйтерек» БО

№ Шарт бойынша контрагенттің атауы	Мәміле жасасу туралы шешім қабылдаған Қордың өкілетті органының шешімінің күні мен нөмірі	Қысқаша ақпарат
14 «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	Қор Директорлар кеңесінің көзбе-көз отырысы шешімінің үзінді көшірмесі №08/2018 03.09.2018ж. (№8 мәселе)	Астана қаласында Мемлекеттік органдармен өзара әрекет ету департаментін орналастыру үшін. Жалға алынған ғимараттың мекенжайы: Астана қ., Мәңгілік Ел к-сі, 55А, «Бәйтерек» БО
15 «Бәйтерек девелопмент» АҚ	Қор Директорлар кеңесінің көзбе-көз отырысы шешімінің үзінді көшірмесі №08/2018 03.09.2018ж. (№8 мәселе)	Астана қаласында Мемлекеттік органдармен өзара әрекет ету департаментін орналастыру үшін. Жалға алынған ғимараттың мекенжайы: Астана қ., Мәңгілік Ел к-сі, 55А, «Бәйтерек» БО
16 «Бәйтерек девелопмент» АҚ	Қор Директорлар кеңесінің көзбе-көз отырысы шешімінің үзінді көшірмесі №08/2018 03.09.2018ж. (№8 мәселе)	Жалға алынған тұрақ орынының мекенжайы: Астана қ., Мәңгілік Ел к-сі, 55А, «Бәйтерек» БО
17 «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	Қор Директорлар кеңесінің №13/2018 07.12.2018 ж. шешімінің үзінді көшірмесі	Қордың 6 ай ішінде облигациялық бағдарламалар проспектісі аясында купонды облигацияларды қайта сатып алу туралы ҚДБ алдындағы қабылдаған міндеттемесі
18 ЖК Яковлев Сергей Александрович	Қор Несие комитетінің №5400 17.08.18 ж. хаттамасының үзінді көшірмесі, Қор Басқармасы №121/2018 24.08.18 ж. хаттамасының үзінді көшірмесі, Қор Директорлар кеңесінің №10/2018 24.09.18 ж. отырысының үзінді көшірмесі	Кепілдік шартын жасасу
19 «Цеснабанк» АҚ	Басқарманың №164/2018 13.11.2018 ж. хаттамасының үзінді көшірмесі, Директорлар кеңесі отырысының №12/2018 26.11.2018 ж. хаттамасының үзінді көшірмесі	«Цеснабанк» АҚ облигацияларын сатып алу жолымен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ жасауға мүдделі «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ мен «Цеснабанк» АҚ арасында мәміле жасасу
20 «Цеснабанк» АҚ	Басқарманың №179/2018 04.12.2018 ж. хаттамасының үзінді көшірмесі, Директорлар кеңесі отырысының №13/2018 07.12.2018 ж. хаттамасының үзінді көшірмесі	«Цеснабанк» АҚ облигацияларын сатып алу жолымен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ жасауға мүдделі «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ мен «Цеснабанк» АҚ арасында мәміле жасасу

Ірі мәмілелер туралы ақпарат: 2018 жылы ірі мәмілелер жасалған жоқ

МЕКЕНЖАЙЛАРЫ МЕН БАЙЛАНЫСТАРЫ

БАС КЕҢСЕ:

A05C9Y3, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Гоголь к-сі, 111, тел.: +7 (727) 244-55-66, e-mail: info@fund.kz, Қордың сайты: www.damu.kz Call-орталық: +7 (727) 244-55-77, қысқа нөмір 1408 (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін)

ФИЛИАЛДАР ЖЕЛІСІ:

1. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы

Астана қаласы бойынша өңірлік филиалы Z05T2H3, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Мәңгілік Ел к-сі, 55 «А», БО «Бәйтерек», 8(7172) 55-91-99, 55-92-14, 55-94-34 (35, 36), e-mail: astana@fund.kz

2. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Алматы қаласы бойынша өңірлік филиалы

A25D6X7 Алматы қ., Достық д-лы, 192/2, «Green Tower» бизнес-орталығы, 1-қабат, тел.: +7 (727) 244-55-66, 244-55-77 (ішкі 3100), e-mail: info@fund.kz, Gaini. Alimzhanova@fund.kz

3. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Ақмола облысы бойынша өңірлік филиал

C00G9B9, Көкшетау қ., Ақан сері к-сі, 46/1, тел.: +7 (7162) 55-11-16, 55-11-14 e-mail: akmola@fund.kz

4. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Ақтөбе облысы бойынша өңірлік филиалы

D00K9D9, Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан д-лы, 51/1, тел.: 8 (7132)70-38-08, 70-38-10, 70-38-11, e-mail: aktobe@fund.kz

5. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Алматы облысы бойынша өңірлік филиалы

B01G6D5, Талдықорған қ., Төлебаев к-сі, 86, Біржан сал көшесінің қиылысы, тел.: +7 (7282) 24-24-30, 55-87-10, e-mail: tdkg@fund.kz

6. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Атырау облысы бойынша өңірлік филиалы

E01X8K9, Атырау қ., Азаттық даңғылы, 17, тел.: +7 (7122) 55-81-01, 55-80-91, e-mail: atyrau@fund.kz

7. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Шығыс Қазақстан облысы бойынша өңірлік филиалы

F00M3F5, Өскемен қ., Победа даңғылы, 6, тел.: +7 (7232) 56-05-90, e-mail: damu-vko@mail.ru

8. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Жамбыл облысы бойынша өңірлік филиалы

H01X4X8, Тараз қ., Желтоқсан к-сі, 94 үй, тел.: 8 (7262) 99-94-70, e-mail: taraz@fund.kz

9. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Батыс Қазақстан облысы бойынша өңірлік филиалы

L02K7D7, Орал қ., Темір Масин к-сі, құрылыс 67/2, тел.: +7 (7112) 55-48-08 (05,06,09,10,02), e-mail: asse.arnold@fund.kz

10. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Қарағанды облысы бойынша өңірлік филиалы

M01M7M3, Қарағанды қ., Ермаков к-сі, 29 тел.: +7 (7212) 40-09-69, e-mail: karaganda@fund.kz

11. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Қызылорда облысы бойынша өңірлік филиалы

N02B7B1, Қызылорда қ., Иван Журба к-сі, 12 тел.: +7 (7242) 55-11-12, 55-11-18, e-mail: damu@list.ru

12. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Қостанай облысы бойынша өңірлік филиалы

P00F8C6, Қостанай қ., Әл-Фараби даңғылы, 65, тел.: +7 (7142) 99-03-05 (06, 07), e-mail: kostanay@fund.kz

13. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Маңғыстау облысы бойынша өңірлік филиалы

R00A7D3, Ақтау қ., 16 ықша. ауд., 24, тел.: +7 (7292) 70-10-51; e-mail: aktau@fund.kz

14. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Павлодар облысы бойынша өңірлік филиалы

S03G9X0, Павлодар қ., Короленко к-сі, 109, тел.: +7 (7182) 70-38-02, e-mail: k.zhakiyanova@fund.kz

15. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Солтүстік Қазақстан облысы бойынша өңірлік филиалы

TO1E6A4, Петропавл қ., Жамбыл к-сі, 191, тел.: +7 (7152) 55-98-10 (16), e-mail: sko@fund.kz

16. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша өңірлік филиалы

X08X2D1, Шымкент қ., Байтұрсынов к-сі, 88В, тел.: +7 (7252) 29-48-11. e-mail: Aigerim.montayeva@fund.kz

17. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Шығыс Қазақстан облысы бойынша өңірлік филиалдың Семей қаласындағы өкілдігі

F16T7G3, Семей қ., Абай алаңы, 5, тел.: +7 (7222) 60-00-50; e-mail: damu-vko@mail.ru

18. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы

X43D7G7, Түркістан қ., Қожанов к-сі, 7, тел.: ішкі 3956 (телефон ОҚО өңірлік филиалымен бірге қосылған), e-mail: atanbaev76@mail.ru

Қазақстан Республикасы
Алматы қ., Гоголь к-сі, 111
тел.: +7 (727) 244-55-66
e-mail: info@fund.kz
қордың сайты: www.damu.kz
Call-центр: 1408
(Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін)

